

САРАПТАМА



ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ ҚАТЫНАСЫ
ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №101 (6663) 14 қараша, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



ҮКІМЕТ

«ИНВЕСТИЦИЯҒА ТАПСЫРЫС»
импорттық тәуелділікті төмендетеді

Геосаяси ахуал мен жаһандық экономикалық теңгерімнің тұрақсыздығы әрбір елге экономикада стратегиялық жобаларды іске асыруды міндеттеп отыр. Нарыққа шикізат ұсынуға бейім экономикалық жүйелер, импортқа тәуелділігін төмендетіп, ұлттық өндірісті дамытуға көңіл аудара бастады. Бұл тұрғыда ел үкіметі де «Инвестицияға тапсырыс» бағдарламасы шеңберінде экономиканың басым бағыты бойынша жобалар пулын қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойды.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен отырыста осы мәселе жан-жақты қарастырылған еді. Бағдарламаның басты мақсаты халық арасында сұранысқа ие, көбі импортқа шығарылатын тауарларды өндіру үшін шағын және орта бизнес, жеке сектордағы ірі бизнестің инвестициялық жобаларын қолдау. Нәтижесінде үкімет импортты алмастыру және экспортқа тауар өндіру әлеуеті жоғары перспективалық салаларды анықтап, өңірлер жобаларды жүзеге асыру бойынша нақты бағыттарын ұсынатын болады. «Инвестицияға тапсырыс» бағдарламасының бағыты мен мазмұнын талдап көрелік.



4

(Дереккөз: ҚР Премьер-министрінің ресми сайты).

МЕГАПОЛИС

АЛМАТЫ БИЗНЕСКЕ ТЫНЫС БЕРЕДІ
Салық жүктемесін азайту ұсынысы енгізілді

2026 жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексі аясында республикада жеңілдетілген және бөлшек салық режимдері 4% мөлшерлеммен біріктіріледі. Осыған орай Алматы қаласы әкімдігі кәсіпкерлерге қосымша қолдау көрсетіп, бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасау бастамасын көтерді.

Қала әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен кеңес қорытындысында, 2026 жылдан бастап жаңа жеңілдетілген салық режимін қолданатын барлық кәсіпкер үшін тиімді мөлшерлемені 3% деңгейінде белгілеу туралы мәселені Мәслихаттың қарауына шығару жөнінде шешім қабылданды.

Бұл шара шағын және орта бизнестің салықтық тұрақтылығын сақтауға, қосымша инфляциялық тәуекелдердің алдын алуға және B2C-сегменттегі нысандарды – үй маңындағы дүкендер, шаштараздар, шеберханалар мен тұрмыстық қызмет көрсету орындарын қолдауға мүмкіндік береді.

Әкімдік ұсынған бастама кәсіпкерлердің мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтып, инвестициялық ахуалды тұрақты сақтауға және іскерлік белсенділіктің өсуіне ықпал етеді деп санайды.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ





@AQSHAM_NEWS





@AQSHAM_NEWS





@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz



01 745178 614887 >

Әзірлеген
Дана САДЫРҚАН.



ҚАЗАҚСТАН–РЕСЕЙ ҚАТЫНАСЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛДІ



(Дереккөз: Akorda.kz)

ЖОҒАРЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ІЛТИПАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевты Ресей тарапы жоғары деңгейде қарсы алды. Президент ұшағын шекарадан Мәскеудегі Внуково-2 әуежайында дейін әскери ұшақтар қорғай отырып жеткізсе, әуежайдан Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуров бастаған ресми тұлғалар қарсы алды.

Кейін Президент Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен әңгімелесті. Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді.

Сонымен қатар, жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты. Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі. Ресейлік жастардың кездесуде қазақ тілінде сөйлесуі жәй ғана дипломатиялық ілтипат емес, Қазақстанның мемлекеттік тіліне көрсетілген құрмет қатарлы бағаланады.

Мемлекет басшысы жастармен кездесуден кейін Ресей президенті Владимир Путинмен бейресми кездесу өткізді. Президенттер Кремльде 2,5 сағаттан аса уақыт бейресми жағдайда емен-жарқын әңгімелесті. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттер арасында ешқандай түйткілді мәселе жоқ екенін баса белгіледі. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін табатынын айтты. Бұл мемлекеттер арасындағы қатынаста саяси диалогтың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Өз кезегінде Владимир Путин екі ел арасындағы дипломатиялық алмасулардың маңызына тоқталып, қос тарап осы жылды жақсы жетістіктермен қорытындылағалы жатқанын айтты.

Мемлекеттер арасындағы қатынаста парламенттік байланыс та ерекше рөл ойнайды. Осыған орай Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенко арасында өткен кездесудің маңыздылығын атап өткен жөн. Себебі, Федералды Жиналыс Ресейдің парламентінің жоғарғы палатасы. Екіжақты қатынасты заңнамалық тұрғыда реттеу мен жүзеге асыратын заң шығарушы орган. Сондықтан парламенттік диалог Қазақстан мен Ресей үшін өте қажет.

Кездесуде Валентина Матвиенко президенттің «Российская газета» басылымына жарияланған мақаласын мұқият оқып шыққанын айтты. Ол Мемлекет басшысының екі ел арасындағы ынтымақтастықтың

тарихы, бүгінгі және болашағы жайында өте терең толғам жасағанын мәлімдеді. Бұл Президентімізге берілген жоғары баға болып саналады.

ТЕҢДІК ПЕН СЕНІМ – БАСТЫ ҚАҒИДАТ

Аталмыш декларация көлемді құжат болмаса да осындай күрделі кезеңде екі елдің қатынасын жоғары деңгейге көтерді. Онда екі тарап та орындауға міндеттеме алған маңызды құндылықтар қатарында «Қазақстан–Ресей қатынасы өзара түсіністік, теңдік және сенімге негізделеді» деп көрсетілген. Сондай-ақ, тараптар ортақ тарихқа, екі елдің суверенитеті мен аумақтық тұтастығына, ішкі және сыртқы саясатын, мәдени әралуандылығын құрметтейді; жаһандық тәуекелдер мен қауіптер алдын бір-бірін қолдау, ішкі саяси тұрақсыздыққа қарсы тұру сынды мазмұндар қарастырылған.

Бұдан бөлек, саясат пен қауіпсіздік, экономикалық, ғылым, гуманитарлық салаларда әріптестікті нығайтуға уағдаласты. Түрлі бағыттар бойынша негізгі міндеттемелерді былай жинақтауға болады:

Саясат пен қауіпсіздік саласы:

- Барлық деңгейде саяси диалогты қамтамасыз ету;
- БҰҰ Жарғысына сәйкес барынша өкілді және әділетті көпполюсты әлемді қалыптастыру бағытында бірлесе жұмыс істеу;
- Тараптар Еуразия құрлығындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге күш салады. Бұл бағытта ҰҚШҰ, ТМД, ШЫҰ және Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес ұйымдарына ерекше мән берілмек;
- Тараптар ҰҚШҰ жан-жақты дамытуға күш салмақ;
- Екі мемлекет 1968 жылы қабылданған атомдық қаруды таратпау туралы шартты қолдайды;
- Тараптар биологиялық, ақпараттық, ғарыштағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бірлесе әрекет етеді;
- Каспий теңізі қауіпсіздігі мәселесінде әріптестікті жүзеге асыруға уағдаласты.

Экономикалық әріптестік пен интеграция:

- ЕАЭО аясында интеграциялық үдерісті жалғастыру;
- Екі ел арасындағы аймақаралық байланысты дамыту;
- Екіжақты сауданың ұлттық валюталар арқылы жасалуды қолдау;
- Көлік-транзит әлеуетін арттыру. Оның ішінде «Солтүстік-Оңтүстік», «Батыс-Еуропа-Батыс Қытай» бағыттарын дамыту. Сондай-ақ, «Трансальп диалог»

мүмкіндігін арттыруды көздеп отыр. Бұл жаңа бағыт Қазақстан, Ресей, Қытай мен Моңғолия арасындағы сауда-экономикалық байланысқа негізделеді;

- Энергетика саласында әріптестікті дамыту.

Ғылыми-гуманитарлық байланыс:

- Ресей Қазақстанның атом саласын қалыптастыруға қолдау көрсетеді;
- Қоршаған ортаны қорғау, цифровизация салаларында әріптестікті нығайту.
- Тарихи зерттеулерді дамыту;
- Миграциялық саясатты жетілдіру;
- Мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту және т.б.

Қазақстан мен Ресей аталған бағыттарда әріптестікті нығайтып, мемлекетаралық қарым-қатынасты жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне көтеруге уағдаласты.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Халықаралық саясатта, мемлекеттер қарым-қатынасында саяси диалогтан көплек заңнамалық базаның қалыптасуы аса маңызды. Өйткені, саяси ерік-жігер нақты құжат күйінде бекітілуі тиіс. Әйтпесе, саяси мәлімдемелер өзара сенімді нығайтпайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастың шарттық-құқықтық базасы 1992 жылы бекітілді. Сол жылы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт» қабылданған. Құжатта КСРО ыдырағаннан кейінгі екіжақты байланыс қағидалары бекітілді. Кейін 1998 жылы «XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы декларацияға» қол қойылды. Бұл құжатты қабылдау арқылы жаңа ғасырдағы қатынас жүйесі қалыптасты.

Бүгінге дейін 2013 жылы қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы XXI ғасырдағы тату көршілік пен одақтастық туралы» шарт стратегиялық әріптестіктің негізі болып саналды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге жасаған мемлекеттік сапарынан кейін екі ел арасындағы қатынас тағы бір сатыға жоғарылай түседі. Сапар барысында «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекетаралық қарым-қатынасын жан-жақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне дейін жеткізу жөніндегі декларация» қабылданды.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.






ИНФЛЯЦИЯ БАҚЫЛАУДА

Үкіметтің жаңа экономикалық бағыты

Қазақстан Үкіметінің экономикалық реформалары алғашқы нақты нәтижесін көрсетті. Қазан айында инфляция деңгейі 12,9 пайыздан 12,6 пайызға дейін төмендеді. Бұл – реформалардың бейімделу кезеңін азаматтар мен бизнес үшін күйзеліссіз өткізуге бағытталған басқарылатын саясаттың айқын көрінісі. Үкімет қабылдаған шаралар кешені – тарифтерді тежеу, отын нарығын бақылау, шағын және орта бизнесті қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін күшейту – тапшылықсыз және күрт өзгерістерсіз тұрақтылық дәлізін қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Инфляцияның баяулауы көбіне тарифтік және отын сегментіндегі шешімдермен байланысты. 16 қазаннан бастап коммуналдық қызметтер мен жанар-жағармай бағасын өсіруге мораторий енгізілді. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, қазан айында ақылы қызметтердің бағасы 0,8 пайызға төмендеп, соңғы жылдарда алғаш рет теріс динамика тіркелді. Бұл – мораторийдің тікелей нәтижесі. Дегенмен, Үкімет бұл шараны реформаларды тоқтату емес, «басқарылатын баяулау» кезеңі деп түсіндіреді. Яғни бағаның өсуін уақытша шектеу арқылы мемлекет азаматтарды шығындардың күрт өсуінен қорғап, бизнеске жаңа жағдайға бейімделуге мүмкіндік беріп отыр.

Әлеуметтік қорғау мен нарықтық тәртіп

Тарифтерді көтеруге қойылған мораторий 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін ұзартылды. Бұл шешім халық пен бизнес үшін болжамдылықтың маңызды сигналы болды. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында тарифтерді уақытша тежеу инфрақұрылымдық жаңғыртуды тоқтатқан жоқ. Табиғи монополиялардың шығындарын оңтайландыру арқылы желілерді жаңарту мен қызмет сапасын арттыру жұмыстары жалғасуда. Бұл тәсіл – әлеуметтік қорғау мен нарықтық тәртіп арасындағы теңгерімді сақтаудың нақты үлгісі. Ұзақ мерзімде мұндай модель тарифтердің жылына 5-6 пайыз шегінде басқарылатын өсуіне мүмкіндік береді.

Экономикалық тұрақтылықтың тағы бір маңызды элементі – жанар-жағармай нарығындағы бағаны бақылау. АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынының бағасын уақытша шектеу логистикалық шығындардың өсуін тоқтатты. Бүгінде көлік және азық-түлік тасымалы шығындарының шамамен 20 пайызы отын бағасына тәуелді. Сондықтан отын нарығын тұрақтандыру тікелей түрде тауарлар мен қызметтер құнына әсер етеді.

Уақытша мораторий енгізу арқылы Үкімет қайталама инфляциялық толқынның алдын алды. Яғни өндіріс пен тасымал шығындарының артуы тежеліп, соның нәтижесінде жалпы баға өсімінің қарқыны бәсеңдеді.

Инфляцияны тежеудегі тағы бір басым бағыт – азық-түлік нарығын тұрақтандыру. Биыл тұрақтандыру қорларын қаржыландыру көлемі екі есеге артты. Ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау бағдарламалары кеңейтілді. Мұндай саясат бағаларды шектеу арқылы емес, ішкі өндірісті арттыру арқылы тұрақтандыруды көздейді. Өңірлерде картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат және сиыр етін сатып алу көлемі айтарлықтай ұлғайған. Бұл қорлар маусымаралық кезеңдегі тапшылықты болдырмай, бағаның секірмелі өсуіне жол бермейді. Азық-түлік нарығындағы жаңа көзқарас – «тыйым емес, өндіріс»

қағидасына негізделген. Ішкі ұсыныстың артуы отандық өнімнің нарықтағы үлесін көбейтіп, ауыл шаруашылығы саласына жаңа серпін беруде.

Шағын бизнеске салықтық демалыс

2026 жылдан бастап елде жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Бірақ шағын және микро бизнес субъектілері үшін жеңіл ауысуды бастады. Үкімет 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін негізгі қарызды айыппұл мен өсімпұлсыз өтеу мүмкіндігін берді. Сонымен қатар, тексерулер мен камералдық бақылау уақытша тоқтатылады. Бұл – кәсіпкерлерге тыныс алуға мүмкіндік беріп, сенім ахуалын қалыптастырады. Жаңа модель «нөлден бастауға» жағдай жасайды: бизнес қайта жанданып, әкімшілік жүктеме азаяды. Үкімет сондай-ақ, жеңілдетілген салық режимін сақтап, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың белсенділігін арттыруды көздеп отыр.

Әлеуметтік бағдарламалар мен ипотека қолжетімділігі

Қазан айында Үкімет жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларға да қосымша қаржы бөлді. «Наурыз» және «Наурыз-Жұмыскер» жобаларының бюджеті екі есеге өсіп, 500 млрд. теңгеге жетті. Сонымен қатар, «Әскер баспана» бағдарламасы қайта іске қосылды. Бұл – құрылыс саласында жаңа серпін беретін шешім. Бір жағынан, құрылыс компаниялары үшін жаңа тапсырыстар мен өндірістің өсуі, екінші жағынан, тұрғындар үшін қолжетімді баспананың көбеюі, ал жалпы экономика үшін – тұтынушылық сұраныстың артуы.

Жаңа экономикалық модельдің өзегі – халықтың әл-ауқаты. Премьер-министр Олжас Бектенов атап өткендей, Үкімет саясатының негізгі өлшемі – әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты. Экономикалық реформалар тек макро көрсеткіштерге емес, азаматтардың өмір сапасына бағытталуы тиіс. Бұл логика сенім мен дәйектілікке сүйенеді: нарықтық реформаларды тежемей, бірақ әлеуметтік тепе-теңдікті сақтау. Мемлекет пен бизнес арасындағы серіктестікке негізделген осы модель болашақта экономикалық өсімнің тұрақты тірегіне айналуы мүмкін.

Болашаққа болжам

Үкімет 2026 жылы инфляцияны 9–11 пайыз деңгейіне дейін төмендетуді жоспарлап отыр. Бұл мақсатқа жету үшін баға тұрақтылығын сақтау, логистиканы дамыту және ішкі өндірісті кеңейту бағытында жүйелі шаралар жалғасады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, экономикалық реформалардың түпкі мақсаты – ЖІӨ өсімі ғана емес, халықтың өмір сапасын арттыру және болашақтың болжамдылығы. Қазан айындағы көрсеткіштер – осы бағыттың нәтижелі екенін дәлелдейтін алғашқы нақты белгі.

15 ҚАРАША –
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ТЕҢГЕ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЫШАНЫ

Қаржы саласы
қызметкерлерінің еңбегі елеулі

15 қараша – Ұлттық валюта күні. Қазақстан Республикасы үшін ерекше мәнге ие бұл күн, сонымен қатар, қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі аталып өтеді. Мұндай атаулы дата өз өмірін елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бюджет қаражатын тиімді басқаруға және мемлекеттің қаржылық тәуелсіздігін нығайтуға арнаған барлық жандарды біріктіреді.

1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. Бұл оқиға еліміздің тәуелсіз қаржы жүйесінің қалыптасуындағы тарихи кезең болды. Ұлттық валюта енгізілуімен елдің қаржы-несие саясатын дербес жүргізуге жол ашылып, экономикалық егемендіктің нақты негізі қаланды. Сол уақыттан бері теңге мемлекетіміздің экономикалық тұрақтылығы мен тәуелсіздігінің нышанына айналды. Ұлттық валютаның орны-ғуымен бірге еліміздің қаржы жүйесі де айтарлықтай дамып, мемлекеттік басқару мен бюджеттік тәртіпті жетілдіруге бағытталған маңызды реформалар жүзеге асырылды.

Бұл жетістіктердің барлығы – қаржы саласы мамандарының, оның ішінде қазынашылық органдары қызметкерлерінің еңбегінің нәтижесі. Қазынашылық жүйесі мемлекеттік бюджеттің орындалуын қамтамасыз етуде, қаржы ағындарын тиімді басқаруда, бюджет қаражатының мақсатты әрі ашық жұмсалыуын бақылауда маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз ету ісіне зор үлес қосып келеді. Департамент қызметкерлеріне бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына бақылау жасау, қаржы процестерін жетілдіру және мемлекеттік міндеттемелердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету секілді жауапты міндеттер жүктелген. Қазынашылық мамандарының кәсібилігі, жауапкершілігі мен адалдығы – мемлекеттік қаржы жүйесінің сенімділігінің кепілі. Олардың күнделікті еңбегі ел экономикасының тұрақтылығын арттыруға, қоғам мен серіктестердің мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Осы мерейлі күні Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті барлық әріптестер мен ардагерлерді, жас мамандарды кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтайды! Баршаңызға зор денсаулық, отбасылық амандық, кәсіби табыс және жаңа жетістіктер тілейміз. Ұлттық валютамыз теңге – еліміздің тәуелсіздігі мен өркендеуінің айқын белгісі бола берсін. Ал қаржы саласы қызметкерлерінің еңбегі – Қазақстанның экономикалық қуатының берік негізіне айналсын!

Г.Р.АБИШОВА,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаменті
қаржылық қамтамасыз ету
бөлімінің бас маманы.



САРАПШЫ ПІКІРІ

«ИНВЕСТИЦИЯҒА ТАПСЫРЫС»

импорттық тәуелділікті төмендетеді

(Басы 1-бетте)

- Үкімет, биылдан бастап «Инвестицияға тапсырыс» бағдарламасы арқылы импортқа тәуелділікті азайтып, ұлттық өндірісті күшейтуді көздеп отыр.
- Бағдарлама шеңберінде 4,3 трлн. теңгеге бағаланған 202 жоба дайындалған.
- Жобалардың тиімділігін талдау, қаржыландыру «Бәйтерек» холдингінің құралдары мен тетіктері арқылы жүргізіледі.
- 2024 жылғы статистикалық деректер бойынша, елімізде тұтыну тауарларының 60%-ы импорттық өнімдер.
- ЖІӨ өсімінің 30%-ы өңдеу секторы есебінен қалыптасса да, секторда еңбек өнімділігі дамыған елдермен салыстырғанда, 2,5 есе төмен.
- Бағдарлама аясында 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, шағын және орта бизнеске қолдау көрсетіледі.

«Инвестицияға тапсырыс» бағдарламасы біріншіден, халық тұтынатын, бірақ импорт арқылы әкелінетін тауарларды елімізде өндіруге ынталандыруға бағытталған жанама. Сондықтан бағдарлама шағын және орта бизнеске, сондай-ақ жеке сектордағы ірі кәсіпорындарға инвестициялық қолдау көрсетуге бағытталып отыр. Нәтижесінде импорттық өнімдерде жергілікті өндіріспен алмастыру, экспорттық әлеуетті арттыру арқылы өңдеу өнеркәсібін қалыптастыру.

Біздіңше, бағдарламаның дәл қазіргі уақытта жариялануы кездейсоқтық емес. Себебі, соңғы онжылдықта жаһандық нарықтың құбылмалығы мен экспортқа тәуелділіктің тәуекелдері жоғары екендігін айқын сезіндік. Мысалы, COVID-19 пандемиясы, кейін Ресей–Украина арасындағы саяси мәселелер ушыққан сәтте жаһандық тауар тасымалы жүйесі тотыққан шақта, ішкі нарықты отандық өніммен қамтамасыз етіп отырған елдер ғана сынан қауіпсіздік өте білді. Сондықтан отандық өндіріске көңіл бөліп, ішкі сұранысты қамтамасыз ету бұл тек экономикалық саясаттың бір бағыты емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік мәселесі.

Екіншіден, «Инвестициялық тапсырыс» бағдарламасы аясында еліміз өзінің геосаяси әлеуетін, геоэкономикалық сипатта толық қолдана алуына мүмкіндік



қалыптастырады. Себебі, аталмыш бағдарлама аясында тек өндірісте емес, өңдеу, тасымал, инфрақұрылымдарды дамыту салаларын дамыту арқылы жаһандық логистикалық тізбектің орталығына айналу мүмкіндігіміз бар. Мысалы, еліміз арқылы өтетін 13 сауда жолы арқылы отандық өндірісті тек ішкі нарыққа ғана емес, Таяу Шығыс пен Еуропа континентіне тез әрі тиімді жеткізе аламыз. Аталмыш салалар бағдарламаның жобалар портфелінде көрініс тапқан.

«ИНВЕСТИЦИЯҒА ТАПСЫРЫС»
ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Бағдарламаның негізгі бөлігі, агроөнеркәсіп кешені (АӨК) мен өңдеу өнеркәсібіне бағытталып отыр. Қазірдің өзінде Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, 4,3 трлн. теңгені құрайтын 202 жоба әзірленген. Олардың ішінде: тауарлы сүт фермалары мен ет өндірісін арттыру; құс шаруашылығын дамыту; сүт, ет, тері және жүн өңдеу; жылыжай шаруашылықтары мен көкөніс, жеміс-жидек қайта өңдеу кәсіпорындары мен қант, астықты терең өңдеу зауыттарының қызметін қайта түлетуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Мысалы, «QAZAQARAB SUGAR» және «Asyl Farms» серіктестіктері қант өндіруді жолға қоюға арналған жобалары аясында елдің қант импортына тәуелділігін азайту мақсат етіліп отыр. Сондай-ақ, «AITAS KZ»

және «Eco Broiler Ltd» компаниялары құс еті өндірісін кеңейтуге бағытталған 24 жобаны жүзеге асыратын болады.

Өңдеу құрылыс саласы бойынша импортқа тәуелді тұтыну тауарларының 26 түрін ел ішінде өндіру көзделген. Мақта маталары, мектеп формасы, аяқкиім, сантехника, тұрмыстық техника және косметика сияқты өнімдерге қазір ішкі нарықты сұраныс күрт артып отыр. Бағдарлама аясында 67 ірі инвестициялық жоба әзірленіп, 600 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылатын болады. Нәтижесінде өңірлер бейімдеген бағыттар бойынша ғана жобаларға ерекше басымдық береді. Мысалы, Түркістан облысында мақта-мат өндірісі, Қызылорда облысында сантехника зауыты, Қарағанды облысында жылу оқшаулағыш материалдар өндірістері ерекше қарқын алатын болады.

БАҒДАРЛАМА ҚАЛАЙ
ҚАРЖЫЛАНДЫРЫЛАДЫ?

Өңірлерден келіп түскен өтініштер бірінші «Бәйтерек» холдингі арқылы сараптамалық және қаржылық сүзгіден өтеді. Жоба экономикалық әлеуетті деп саналса, қаржыландыру екі деңгейде жүреді. Бірінші холдингінің еншілес ұйымдары арқылы қаржыландырылып, кейін екінші деңгейлі банктер арқылы, қаржыландырылады. «Инвестицияға тапсырыс» бағдарламасы мазмұны бойынша, им-

портты алмастыруды көздейтін бұрынғы мемлекеттік бағдарламалардың эволюциясы іспетті. Себебі, осыған дейін жүзеге асқан, «Бизнестің жол картасы», «Нұрлы жол» және «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары да өндірістік инфрақұрылымды қолдауға бағытталған еді. Алайда, ол бағдарламалардың басым бөлігі ірі кәсіпорындарды қаржыландыруға және инфрақұрылым салуға арналса, жаңа бағдарлама нақты тауар өндірісіне, экспортқа және өңдеуші сектордың локализациясына бағытталғанымен ерекшеленіп отыр. Аталмыш бағдарлама сәтті жүзеге асатын болса, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауылдық жерлерде өндірістік белсенділікті арттыруға, өңірлердің өзіндік салық базасын күшейтуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаның табысты жүзеге асуы елімізді импортқа тәуелді елден – өңдеуші өндірісі дамыған елге айналдыруға, аймақтық көлік торабы ретінде жаһандық логистикалық тізбектің белсенді қатысушысына айналдырады.

Қазіргі кезде еліміздің өңдеу өнеркәсібіне тартылған шетелдік тікелей инвестициясының 16%-ы ғана «шикізаттық емес» секторға бағытталуы – бағдарлама рамкасында ерекше назар аударатын факт. Инвестициялық жобаларға кіретін 12 бағыттың бірі – азық-түлік өндірісі. Мысалы, құс еті, ірімшік, қант және балық өнімдері бойынша импортты алмастыру үлесі тиісінше 79%, 52%, 33%, 67% деңгейінде. Яғни бағдарлама аясында сұраныс жоғары, әлеуеті мығым бағдарламаларға ғана инвестор ұсынылады.

Жаһандық тәжірибеден түйгеніміз, инвестициялық жобалардың сәтті жүзеге асуы үшін инвесторға құқықтық кепілдікті күшейту, жобалардың технологиялық деңгей сапасын арттыру, сондай-ақ өңірлерде дайын кадрлар жүйесін қалыптастыру қажеттігі айқын болып отыр. Біздің елімізде де бұл жанама талаптарға ерекше назар аударылмаса, әлеуетті жобаларға алымды инвесторлар табу оңай болмасы анық.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

НАҚТЫ СЕКТОР

ЖАЙЛЫ ҚАЛА, ҚУАТТЫ ЭКОНОМИКА –

Алматының даму бағыты

Алматы экономикалық өсуді қалалық ортаны жақсартумен ұштастыра отырып, қарқынды дамып келеді. Мегаполисте тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қала басшылығының басты мақсаты – жайлы, қауіпсіз және заманауи қалалық кеңістік қалыптастыру. Осы бағытта биыл жыл соңына дейін ондаған сквер, аллея және серуен аймағын абаттандыру жұмыстары толық аяқталмақ. Бұл орындар тұрғындардың тынығуына, балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жаңа мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, көлік инфрақұрылымы жаңартылып жатыр. Ұзындығы 264



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

шақырым болатын 318 көшеде орташа жөнделу жұмыстары басталды. Жоспарланған 35 шақырым жаңа жолдың 25 шақырымы қолданысқа берілді, ал алты көшеде құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр. Бұл жобалар көлік қозғалысын жеңілдетіп, қала ішіндегі логистиканы айтарлықтай жақсартады.

Әлеуметтік сала да назардан тыс емес. Биыл жылдың басынан бері 26 нысан пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін тағы 30 нысанның құрылысы аяқталады. Бұл – балабақша, мектеп, емхана және басқа да әлеуметтік маңызы бар ғимараттар.

Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері»

ұлттық жобасы аясында 22 500 орынға арналған 12 жаңа мектеп салынды. Оның жетеуі жаңа оқу жылында ашылды, ал қалған бесеуі екінші оқу тоқсанында пайдалануға беріледі. Бұл жаңа білім ошақтары қаладағы үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге және оқушыларға жайлы оқу ортасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау саласында да ілгерілеу бар. 2030 жылға дейін 32 жаңа медициналық мекеме салынып, 14 денсаулық сақтау нысанын жаңғырту жоспарланған. Қазіргі уақытта Алматыда 8 медициналық нысанның құрылысы қолға алынған. Жаңа емханалар мен ауруханалар медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттырып, тұрғындарға сапалы көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Алматының бүгінгі даму бағыты – экономикалық өсім мен әлеуметтік тұрақтылықты ұштастыру. Қаланың әр ауданы жаңарып, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады.



БАСПАНА

АЛМАТЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ:

баға құбылғанымен, үміт үзілмейді

Алматының тұрғын үй бағасы республиканың өзге өңірлерінен жоғары. Бірақ шаһарда баспаналы болудың мүмкіндігі азайған емес. Мемлекеттік бағдарламалар, ипотекалық қолжетімділік және экономистердің болжамы қарапайым халыққа жаңа үміт сыйлайды. Сарапшылардың пікірінше, алдағы жылдары нарықта тепе-теңдік орнап, баға тұрақталуы мүмкін.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

Алматы – армандар қаласы

Кім де болса, Алматыдай алып шаһардан үй алуды армандайды. Өйткені, бұл шаһар – мүмкіндіктер мекені. Жұмыс бар, мүмкіндік мол, өмір қарқыны ерекше. Балаларға арналған үйірмелер, мәдени орындар, демалыс орындары – бәрі де заманға

сай, қолжетімді. Бірақ бұл мүмкіндіктерді сезіну үшін ең әуелі баспана керек.

Иә, қазір бұрынғыдай емес, үй алу жолдары көбейді. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жастар мен отбасыларға тиімді шарттар баршылық. «7-20-25», «Ұмай», «Наурыз-жұмыскер», «Бақытты отбасы», «Шаңырақ», «Жасыл ипотека», «Алматы жастары», т.б. секілді бағдарламалар талай азамат-

тың арманын жүзеге асырып келеді.

Мәселен, Алматы электромеханика колледжінде 2015 жылдан қызмет атқаратын жас маман Мәдина Манапқызы 2024 жылы «Алматы жастары» бағдарламасы арқылы баспанаға қол жеткізгенін айтады:

– Мемлекеттік бағдарлама болмаса, пәтер алу бізге оңай болмас еді. Қазір ай сайынғы төлемді уақытында төлеп отырымыз. Бағдарлама жас отбасылар үшін үлкен мүмкіндік болды, – дейді маман.

Баға өссе де, сұраныс бар

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, Алматыда соңғы айда 7868 тұрғын үй сатылған. Бұл өткен аймен салыстырғанда 11%-ға аз болғанымен, ел бойынша ең белсенді нарықтардың бірі болып қала береді. Сарапшылар мұны бағалардың күрт көтерілуімен байланыстырады.

Ал қыркүйек айының қорытындысы бойынша, Алматыда жаңа үйлер 2,9%-ға, ал екінші нарықтағы пәтерлер 2,1%-ға қымбаттаған. Дегенмен, жалпы ел бойынша тұрғын үйге деген сұраныс өткен жылмен салыстырғанда 5,4%-ға артқан. Бұл ретте құрылыс компаниялары бағаның өсуін нарықтағы материалдар мен салық өзгерістерімен түсіндіреді.

– Біз бағаны өз қалауымызбен көтеріп жатқан жоқпыз. Құрылыс материалдарының құны жыл басынан бері екі есе-

ге жуық өсті. Мысалы, кірпіштің бағасы 70 теңгеден 130 теңгеге, бетон 22 мыңнан 37 мың теңгеге дейін қымбаттады, – дейді құрылыс компаниясының басшысы Бақытжан Ақан.

Соған қарамастан, компаниялар халықтың төлем қабілетіне қарай тиімді шарттар ұсынуға тырысуда. – Басты мақсат – халықты үймен қамту. Құрылысшылар мен банк жүйесі бірлесе жұмыс істесе, нарықтағы тепе-теңдік сақталады, – дейді ол.

Бағаның болашағы – тұрақтылыққа бет алды

Экономист Марат Қайырленовтың пікірінше, алдағы жылы тұрғын үй нарығында баға біртіндеп тұрақталуы мүмкін. – Қазір сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы қайта қалыптасып жатыр. Салық реформасынан кейін халықтың сатып алу қабілеті сәл төмендеуі мүмкін, ал бұл өз кезегінде бағаның шамадан тыс өсуін тежейді. Нарық заңдылығы бойынша, сұраныс азайса, баға да реттеледі, – дейді сарапшы.

Қаржы министрлігі де оптимистік болжам ұсынды. Вице-министр Ержан Біржановтың айтуынша, 2026 жылы енгізілетін 16 пайыздық қосымша құн салығы бағаға бірден әсер етпейді. – Қазіргі салығы бар нысандардың көбісі 2027-2028 жылдары ғана әсерін сезінуі мүмкін. Ал әзірге нарықтағы өсім бақылауда, – деді министр орынбасары.

P.S.: Тұрғын үй бағасы құбылып тұрғанымен, нарықтағы жалпы бағыт – оң. Мемлекеттік бағдарламалар, ипотеканың қолжетімділігі және құрылыс саласындағы бәсекелестік қарапайым халықтың арманын жақындата түсуде. Бүгін пәтер алу арман болып көрінсе де, ертең сол арман орындалуы әбден мүмкін. Маңыздысы – еңбек пен үміт. Ал баспанаға ұмтылған әр қазақстандық үшін мүмкіндік бар.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



ЖАРЫҚ ӘРІ ҚАУІПСІЗ

51 көшенің жарықтандыру жүйесі жаңартылып жатыр

Алматының Наурызбай ауданында сыртқы жарықтандыру жүйесін жаңғырту және дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Негізгі мақсат – жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру, тұрғындарға қолайлы әрі жарық орта қалыптастыру және ауданның көше инфрақұрылымын заманауи талаптарға сай ету. Бұл туралы аудан әкімдігі хабарлады.

Жобалық жұмыстар екі бағытта атқарылуда. Биыл автоматтандырылған сыртқы жарықтандыру желісі (АҚЖ) бойынша 29 көшеде жарық орнату толық аяқталған. Сонымен қатар, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тұрғындар өтініші негізінде бұрын жарықсыз қалған 22 көшеде шам орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазіргі таңда мердігер мекемелер тіректерді орнатып, шамдарды бекітіп, кабель тарту және желілерді электр жүйесіне қосу жұмыстарын жалғастыруда. Барлық жұмыстар техникалық талаптар мен қауіпсіздік нормаларына сай орындалуда.

Тұрғындар да нәтижесін сезініп отыр. «Бұрын кешке қарай қараңғылықта жүру қиын болатын, әсіресе, балалар үшін. Қазір жарық, ыңғайлы, қауіпсіз. Осындай өзгеріс жасағандарға алғыс білдіреміз», – дейді аудан тұрғыны Саида Филенкова.

Әкімдік мәліметінше, барлық көшелердегі жарықтандыру жүйесін орнату және іске қосу жұмыстары биыл жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Бетті әзірлеген
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



ӨНДІРІСІ ӨРКЕНДЕГЕН АУДАН

Жетісуда 572 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істеп тұр

Жетісу ауданы өнеркәсібі мен кәсіпорны жағынан қаланың жетекші аудандарының бірі. Ірі сауда орталықтары орналасқан ауданның нарықтағы салмағы да айрықша. Биыл Жетісудың өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13,9%-ға өсіп, 320,8 млрд. теңгеге жеткен. Бұл туралы аудан әкімі Ләззат Жылқыбаева өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте мәлімеді. Баспасөз жиынында ол ауданның қол жеткізген жетістіктерін, алдағы жоспарларын таныстырды. Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, экономикаға салынған инвестициялар 93,8 млрд. теңге болып, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға оң ықпал етіп отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазір ауданда 572 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 51-і ірі және орта кәсіпорынға, 521-і шағын кәсіпорынға жатады. Олар жүздеген жаңа жұмыс орны арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтуда. Соңғы кезде ауданда тағы да 3288 жаңа жұмыс орны құрылды. Құрылыс саласы да қарқын алып, құрылысы аяқталған жұмыстың көлемі 44,5%-ға артып, өсімі 44,4 млрд. теңгеге жеткен. Пайдалануға берілген тұрғын үй аумағы 15%-ға дейін көбейген. Аталмыш аудан қала бюджетіне түсетін салық түсімін 10,5%-ға арттырып, бизнеске қолдау көрсету мен инвестицияларды ынталандыруды 258,8 млрд. теңгеге жеткізді.

Жарық көшелер мен жайлы қоғамдық кеңістіктер

Аудан әкімі Мемлекет басшысының сыртқы жарықтандырумен 100% қамтуды жүзеге асыру жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы туралы да баяндады. Жыл басынан бері жарығы болмаған 76 жерге жарық орнатылған, ал жылдың соңына дейін тағы да жарықсыз 13 аумақты жарықтандыруды жоспарланған. Биыл сыртқы жарықтандыруды жаңғырту аясында

56 дана ШУНО ауыстырылды, 4340 жарық шамы жаңартылды, 166 тірек баған орнатылып, аудан аумағында 47 шақырымнан астам кабель желісі тартылған.

Жетісу ауданында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында қоғамдық кеңістікті дамыту істерін нәтижелі атқарып келеді. Негізгі жобаның бірі – Сейфуллин мен Жансүгіров көшелерінің қиылысындағы көлік айрығы. Жалпы аумағы 3,4 гектар болатын бұл жерде 30,4 мың м² аумақты көгалдандырып, 5,8 мың м² жерге тас төсеніш төселді. Сонымен қатар, 3,5 гектар аумаққа автоматты суару жүйесі орнатылған. Мұнда 192 ағаш, 14 мың бұта мен 2400 гүл егіліп, екі альпілік төбешік жасалды. Аудан абаттандыру жобаларын келесі жылы да жалғастырып, автоматты суару жүйелерін кеңейту, жаңа демалыс аймақтарын құру мен тро-туарларды қайта жаңартуды жоспарланып отыр. Биылдың өзінде 28 аула мен 1,5 шақырым жағалау абаттанды. Аудан тұрғындарының жиі бас қосатын, әрі демалыс орны «Гүлдер» паркінде жүргізіліп жатқан жөндеу жұмысы да аяқталды.

Сапалы коммуналдық қызмет – басты бағдар

Биыл Жетісу ауданында инженерлік инфрақұрылымды дамыту бойынша ауқымды жобалар қолға алынды. Тұрғындарын



тұрақты әрі сапалы коммуналдық қызметпен қамтамасыз етуді мақсат еткен аудан сумен жабдықтау, су бұру, жылумен қамту желілерін салу мен қайта құру жобалары іске асырылып жатыр. 120-дан астам көшені қамтитын, ұзындығы 98 шақырымдық инженерлік желі жобасы жүзеге асу үстінде. Сонымен қатар, 15 көшедегі су мен кәріз желілері пайдалануға беріліп, «Алматы Су» ШЖҚ МКК балансына өткізілді. Бұған қоса, 9 көшеде – сумен жабдықтау, 6 көшеде – су бұру желілері салынды. Енді аз уақытта су мен кәріз желісі толық біткен тағы 12 көшені тапсырады.

Ләззат Жылқыбаеваның айтуынша, биыл Рысқұлов – Сүйінбай – Райымбек – Тәтібеков көшесімен шектелген аумақтағы жобаны жүзеге асыру жалғасады. Жоба аясында 26 шақырым ішкі кварталдық инженерлік желінің құрылысы қарастырылса, қазірге дейін 9,2 шақырымға желі салынып бітті. Бұған қоса, инженерлік коммуникациялар құрылысы аяқталған көшелерде жол жабындысын қалпына келтіріп жатыр. «Айнабұлақ-1» ықшамауданында да екі жылу желісін қайта жаңарту жобасы аяқталу сатысында тұр. Инженерлік желілердің кешенді дамуы Жетісу ауданының коммуналдық инфрақұрылымының сенімділігін едәуір арттырып, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік берері сөзсіз.

Мектеп пен емхана толықты

Ауданда 3897 оқушы орны тапшылығы

бар. Бұл мәселені шешу мақсатында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында нақты іс-шаралар қабылданған. Айталық, Боралдай көшесінде 1200 орынды жаңа мектептің құрылысы аяқталуға жақын. №43 пен №112 мектептерде қайта жаңарту жұмыстары жүрілсе, №87 мектепке қосымша 300 орынды жаңа ғимарат салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлене бастады. Мектептермен қатар балабақша инфрақұрылымын да дамытып, №163 балабақша мен Ратушный көшесіндегі мектепке дейінгі ұйымды кеңейтуге арналған жобалық-сметалық құжаттама дайындалды.

Сонымен қатар, аудандағы медициналық инфрақұрылым саласында да оң өзгеріс бар. Аудан аумағында жыл соңына дейін екі жаңа емхана ашылмақ. Сондай-ақ, биыл шілде айында №21 емхана күрделі жөндеуден өтіп, пайдалануға берілді. Әлеуметтік салада мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында бес жоба іске асырыла бастады. Олардың қатарында «Отбасыны қолдау орталығы», «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көмек көрсету орталығы», «Шыңға өрлеу» әлеуметтік клубы мен екі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы бар. Жетісу ауданы «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын белсенді жүзеге асырған аудандардың бірі. Эко-акция аясында ауданда 64 нысан тазартылып, 6 мың м²-тан астам қоқыс шығарылған. Аталған акция аудан тұрғындарының дағдылы өмір салтына айналып келеді.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖАЙЛЫ МЕКЕНІ

Медеу ауданының заманауи келбеті қалыптасып келеді

Медеу ауданы соңғы жылдары өзінің жаңа келбетімен тұрғындардың жайлы мекеніне айналды. Ауданда инженерлік желілер жаңартылып, көшелер түгел жарықтандырылуда, жаңа мектептер салынып, тұрғын аулалары абаттандырылуда. Сонымен қатар, сырғыма қауіпі бар аймақтарда қауіпсіздік шаралары күшейіп, ауданның инфрақұрылымы мен келбеті түбегейлі жаңарып жатыр.



Ернұр
РЫСБАЙ

Әр үйде сапалы ауызсу

Медеу ауданында инженерлік инфрақұрылымды дамыту қарқынды жүріп жатыр. 2023 жылы басталған ауызсу және кәріз желілерін жаңарту жұмыстарының нәтижесінде 35 мыңнан астам тұрғын алғаш рет орталықтандырылған жүйеге қосылу мүмкіндігіне ие болды. Бұған дейін ауданның жоғарғы бөлігіндегі ұңғымалардағы су деңгейі 2,5 есеге төмендеген болатын. Осы мәселені шешу мақсатында ұзындығы 73 шақырым болатын жаңа желілер тартылды. Биыл бұл бағыттағы жұмыс кеңейіп, жалпы ұзындығы 118 шақырым болатын жаңа инженерлік желілер «Таулы қырат», «Камское плато», «Малая станица», «Атырау»,

«Алатау» және «Мұзтау» шағынаудандарында жүргізілуде. Жыл соңына дейін «Алатау» мен «Мұзтау» аудандарында құрылыс аяқталып, 25 мыңнан астам тұрғын тұрақты ауызсу мен кәріз жүйесіне қосылады. Бұл бастама тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Жарық көшелер мен жасыл аумақтар

Аудан көшелерін жарықтандыру – Медеудің маңызды инфрақұрылымдық жобаларының бірі. Биылғы жылдың соңына дейін аудан аумағындағы барлық көшелер толық жарықтандырылады. «Медеу ауданындағы жарықтандырылмаған көшелер мен бау-бақша серіктестіктерінде сыртқы жарықтандыру желілерін салу» жобасы аясында 2598 шам және 33 басқару шкафы орнатылуда. 114 учаскенің 100-інде монтаж жұмыстары аяқталған.

Сонымен қатар, тұрғын үйлердің қасбеттерін сәулеттік жарықтандыру жұмыстары жүргізіліп, 75 үй жаңартылуда. Оның ішінде 51 үй толықтай декоративті жарықпен безендіріледі. Әсіресе, Әл-Фараби және Достық даңғылдары, Пушкин, Жолдасбеков және Райымбек батыр көшелері ерекше көрініске ие болмақ. Жарықтандыру жүйесінің жаңартылуы ауданның қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға жайлы орта қалыптастырады.

Медеу ауданы соңғы жылдары айтарлықтай түрленді. Жалпы құны 2,6 млрд. теңгені құрайтын 60 аулаға күрделі жөндеу жүргізі-

луде. Мұнда балалар және спорт алаңдары орнатылып, жарық шамдары жаңартылды, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Бұрын бос жатқан аумақтар бүгінде тұрғындар сүйіп баратын демалыс аймақтарына айналды.

«Халықтық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жалпы сомасы 2 млрд. теңге болатын 34 жоба жүзеге асырылуда. Тұрғындардың ұсынысымен 17 аула мен 13 қоғамдық кеңістік жаңартылып, төрт нысанға автосуару жүйелері орнатылды. Сонымен қатар, Қарасай батыр көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағы мен Ұәлиханов бульвары жаңартылып, декоративті элементтер мен жасыл аллеялар орнатылды. «Жамбыл атындағы филармония» маңы мен «Орталық саябақтағы» жазғы сахна абаттандырылып, ашық аспан астында мәдени іс-шаралар өткізуге мүмкіндік жасалды.

Оқушы орны

тапшылығы еңсерілді

Медеу ауданында оқушы орындарының тапшылығын жою мақсатында жаңа мектептер салынып, бар нысандар кеңейтілуде. Соңғы жылдары аудан мектептерінде 4000-нан астам орын жетіспеушілігі байқалған. Бұл мәселені шешу үшін 2025 жылы 2000 орынды №220 мектеп, 320 орынды НЗМ мектебіне қосалқы құрылыс және 599 орынды «Joo School Medeu» жеке мектебі пайдалануға берілді. Сондай-ақ, №99 және №35 мектептерге қосымша ғимараттар салынууда. Осылайша биылғы жылы 3469 жаңа оқушы орны ашылады. 2026 жылға дейін тағы

бес жоба жүзеге асырылады: №30, №56 және №17 мектептерін күрделі жөндеу, 300 орынды №131 мектеп-лицейі мен 1200 орынды «MG City» оқу кешенін салу жоспарланған. Бұдан бөлек, №168 және №47 мектептерде қосымша 300 орынға арналған жобалар дайындалуда. Бұл шаралар балаларға заманауи мектептерде білім алу үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Қауіпсіздік – басты назарда

Медеу ауданының географиялық ерекшелігіне байланысты көшкін мен сырғыма қауіпі бар аймақтар үнемі бақылауда. Биыл 85 учаске тексеріліп, 21-і тұрақты деп танылды. 16 учаскеде құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, 7 аумақ рекреациялық аймаққа енгізілді, ал 2 жер мемлекеттік мұқтаждық үшін сатып алынды. 39 учаске бойынша кешенді инженерлік шаралар қабылданып, жер бедерінің тұрақтылығын сақтау бағытында жұмыстар жүргізілді. Бұл бастамалар тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және табиғи апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді

Медеу ауданы бүгінде Алматының ең дамыған, қауіпсіз және көрікті бөлігіне айналып келеді. Ауызсу мен кәріз жүйелерінің жаңаруы, көшелердің жарықтандырылуы, жаңа мектептердің салынуы мен аулалардың абаттандырылуы – барлығы тұрғындар өмірінің сапасын арттыруға бағытталған. Біртіндеп жаңарып жатқан аудан заманауи инфрақұрылымы мен жайлы ортасымен қала тұрғындары үшін өмір сүруге ең қолайлы аймақтардың біріне айналууда.



САҮЛЕТ

Нұрлан ҚАМИТОВ,
архитектор:



Халықаралық деңгейде танылған сәулетші, «Ink Architects» компаниясының негізін қалаушы, RIBA Британдық сәулетшілердің корольдік институтының құрметті мүшесі Нұрлан Қамитов – архитектура әлемінде өзіндік орны бар кәсіби тұлға. Оның жобалары еліміздің сәулеттік келбетіне зор әсер етіп, әлемдік сәулет өнерінің озық тенденцияларымен үндесіп келеді. Нұрлан Қамитовтың пікірінше, архитектуралық жобаларды 50–100 жылға алға қарай жоспарлау өте маңызды, себебі бүгін жүргізілген құрылыс болашаққа әсер етеді. Сәулетші ғимараттардың қауіпсіздігі мен жайлылығы, қалалардың дамуындағы сәулет мәселелері, сондай-ақ экологиялық, әлеуметтік және техникалық аспектілерге қатысты әңгіме өрбіткен едік.

Заманауи жобалар
жаңа леп әкеледі

– Бұрын пайдаланылмаған не тиімсіз басқарылған аумақтарда жаңа ғимараттар салудың мегаполистер үшін қандай маңызы бар?

– Қала қатып қалған құрылым емес, ол үнемі дамып отырады. Әсіресе, мегаполистердегі халық күн санап өсіп келе жатқандықтан, дұрыс шешімдер мен идеяларды сауатты жүзеге асыру ғана қала тұрғындарының өмірін жақсарты алады. Статистика деректері бойынша, соңғы 25 жылда Алматы халқы ресми түрде 1 млн.-нан астам адамға өсті. 2050 жылға қарай алматылықтардың саны 3,6 млн. адамға дейін өседі деп болжануда.

Батыста «Infill Development» деген термин бар. Бұл – бұрын пайдаланылмаған немесе тиімсіз басқарылған аудандарда жаңа ғимараттар салу. Мысалы, бос тұрған өндірістік нысандардың, ескі автотұрақтардың, қараусыз қалған ғимараттардың жерлерінде немесе үйлер арасындағы бос аумақтарда жаңа ғимараттар салуға болады.

Осылайша жаңа әрі заманауи жобалар қоғам мен мемлекетке пайда әкелмейтін бос жерлер, тозығы жеткен ескі ғимараттар орнында пайда болады. Мұндай қараусыз қалған аумақтар салдарынан рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері, кеміргіштердің көбеюі, қылмыс пен өрт қаупінің жоғарылауы секілді санитарлық әрі қауіпсіздік мәселелері туындайды. Жаңа құрылыстар аудан-

МЕГАПОЛИС ҮШІН

тығыздық пен тепе-теңдік бірдей маңызды

ға жаңа леп әкеле алады, маңызды әлеуметтік қызметтерді ұсынады, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктер, коворкингтер, саябақтар, паркингтер пайда болып, зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Ал экономикалық тұрғыдан алғанда, қала әкімшілігіне шағын аудандарға қызмет көрсету жеңіл және арзан, ресурстар үнемделеді, көп адам үшін инфрақұрылымды құру оңай, өйткені қажетті пункттерге дейінгі қашықтық аса үлкен болмағандықтан, мұнда адамдар көп жаяу немесе велосипедпен жүреді. Сәйкесінше, автомобильдерге деген қажеттілік азаяды.

Сонымен қатар, нүктелік құрылыстардағы сәулет, кең пәтерлер мен үлкен терезелер, қауіпсіздіктің ең жақсы технологиялары, балалар мен спорт алаңдары бар аулаларды табиғи, экологиялық материалдармен жаңарту, соңғы ландшафттық шешімдерді енгізу секілді заманауи құрылыс стандарттары қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Дубай
тәжірибесі

– Құрылысты бастамас бұрын қандай әлемдік тәжірибеге сүйенесіздер?

– Батыста тұрғындар тығыздығы жоғары аудандарда адамдарды бір кеңістікте шоғырландыру арқылы ресурстар үнемделеді. Бұл қала тұрғындары үшін қоғамдық көліктің және басқа да қызметтердің магистральдық (орталық) ағындарын құруға мүмкіндік береді. Халықтың тығыздығы аз, дамыған жеке секторы бар, сирек құрылысты қала дамыған жағдайда автобустар мен троллейбус саны да артады. Тәжірибе көрсеткендей, жолдарда көлік толып, кептелістер жасайды.

Сондықтан қаланың барлық аудандарының теңдей дамуы, өзін-өзі қамтамасыз ете алуы және халық үшін барлық қажетті қызметтер мен ғимараттары, тұрғын үйлері мен жұмыс орындарының болуы өте маңызды. Мысалы, Америкадағы ең ірі орталықтардың бірі Майамиде тұрғын үй кешендері, қонақ үйлер, конференц-орталық пен дүкендер, бизнесті тарту, кәсіби қызметтер, қаржы және сауда, қонақжайлылық саласында жұмыспен қамту ұлғайып, көпфункционалды түрде дамуда. Ал Алматыда, жалпы, қоғамға оң әсер ететін әрі қарқынды дамып жатқан Ботаникалық бақ, Терекқұр, Есентай, Сайран көлінің жағалауы секілді жобаларды атай аламыз.

Құрылыс бойынша әлемдегі озық үлгі Дубайдан байқалады. Өйткені, мегаполис қоғамдық көлікті белсенді пайдалану мен аумақты жандандыру үшін метро станцияларының жанындағы, негізгі көлік тораптарының айналасындағы құрылысты тығыз салады. Бұл жұмысқа, дүкенге, ойын-сауық орталықтарына қысқа уақыт ішінде жетуге болатын «20 минуттық қала» тұжырымдамасы аясында жасалады. Мәселен, Бурдж-Халифада тұрғын үйлер мен коммерциялық үй-жайлар қатар шоғырландырған. Ал Прагада халық саны артқанмен, билік қолданыстағы жасыл аймақтарды сақтауға және тіпті кеңейтуге тырысады.

Кемінде 50–100 жылдық болашаққа
жоспарлануы керек

– Қаладағы ғимараттарды тұрғызу кезінде нені ескеру керек?

– Бірінші кезекте жаңа ғимараттардың барлық деңгейдегі қауіпсіздігі, келбеті, оның масштабының өзге орталықтармен үйлесуі, жергілікті тұрғындар үшін жайлылық мәселелері, инженерлік жүйелерге артылатын жүктеме қаперге алынуы керек. Мұнда көп нәрсе жергілікті биліктің де, құрылыс салушылардың да құзыреттілігі мен жауапкершілікпен қарауына байланысты. Ал нүктелік құрылысқа тыйым салу қалалардың болашақ дамуындағы мәселесін шешпейді. Керісінше, бұл қиындықтар тудырады. Кем дегенде 50–100 жылдан кейінгі болашақты ойлау және жоспарлау маңызды.

Негізінен, қала әкімшілігі даму перспективаларына негізделген сәулет жобаларына арнап халықаралық жарыстар өткізеді. Мәселен, біздің компания Алматыдағы «Батыс қақпа» және «Шығыс қақпа» полиорталықтарының жобаларын, Өзбекстандағы Чирчик өзенінің бойындағы аумақты дамыту жобасын дайындауда, Әзербайжандағы Баку маңындағы Каспий теңізінің жағалауындағы «Sea Breeze Resort» курорттық және тұрғын үй кешенінің жобасына қатысуда. Осылайша Grand Chirchik жоспары тұрғын үй аудандарындағы саябақтарды, каналдар мен қоғамдық кеңістіктерді құруды қамтиды. Мұндай аудандар сонымен қатар әлеуметтік нысандар мен қоғамдық көлік аялдамаларының жаяу жүргіншілерге қолжетімділігін, құрылыстың көпфункционалдығын, велосипедшілер мен жаяу жүргіншілерге ыңғайлы көшелерді, тұрғындар арасындағы байланысты нығайтуға арналған кеңістіктерді де ескереді. Сондықтан тұрғын үй құрылысының тығыздығы жергілікті бизнес пен қызметтердің дамуына мүмкіндік береді.

Қалалардағы халық саны қарқынды өсе беретінін түсіну керек, сондықтан қолданыстағы ғимараттар шегінде тұрғын үй мүмкіндіктерін кеңейту немесе жаңа аудандарды жобалау мәселесі жыл сайын бүкіл әлемде өзекті бола түседі. Әлемнің көптеген ірі мегаполисін, соның ішінде Вашингтон немесе Лондонды дамыту тәжірибесі осындай.

Мәселен, Ұлыбритания астанасында көптеген ірі орталық бар – қаржы жағынан Сити (City of London), Канари-Уорф (Canary Wharf), саяси және мәдени Вестминстер (Westminster), Саут-Банк Кварталы (Southbank Centre), Ковент-Гарден (Covent Garden), Кингс-Кросс және Клеркенвелл (King’s Cross and Clerkenwell, дизайн және медиа шығармашылық индустрия орталықтарына айналған бұрынғы өнеркәсіптік аудандар). Осы тұрғыда тығыздық тепе-теңдігі ғылыми тұрғыдан, жан-жақты, ойластырылған тәсілмен анықталуы керек.

Сұхбаттасқан
Дана
САДЫРҚАН.





АЛМАТЫ КІТАПХАНАЛАРЫ

шаһардың рухани шамшырағына айналды

Алматыда тәулік бойы жұмыс істейтін үш бірдей кітапхана бар. Олар – Alatau ауданындағы Alatau Creative Hub, Алмалы ауданындағы Мұхтар Әуезов атындағы кітапхана мен Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы. Бұл орталықтар бүгінгі күні тек білім мен ізденістің алаңы емес, заманауи технологиялар мен жаңа мүмкіндіктерді біріктіретін алматылықтардың сүйікті орнына айналған.



Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласында 28 кітапхана орталықтандырылған кітапхана жүйесіне кіреді. Олардың ішінде көлемі жағынан ең үлкен нысан – Alatau Creative Hub. Ол 2020 жылы барлық жастағы тұрғындарға арналған мәдени-білім беру орталығы мен коворкинг алаңы ретінде ашылған. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап кітапхана тәулік бойы жұмыс істейді. Орталық жылына 85 мыңнан астам адамды қабылдайды. Мұнда қазір 20 тегін шығармашылық үйірме, мультимедиялық арт-студия мен IT-зертхана жұмыс істейді.

– Қаламызда осындай кітапханалардың барлығына ризамыз. Бұл өте ыңғайлы – кез келген уақытта келіп, кітап оқып, сабаққа дайындалып, демалуға да болады. Маған, әсіресе, көркем әдебиет, соның ішінде классика ұнайды, – дейді 11-сынып оқушысы Диана Ергенова.

Alatau Creative Hub орталығына заманауи технологиялар сәтті ендірілген. Оқырман картасы арқылы ешқандай адамның көмегінен кітап алып, кейін оны қайтаруға болатын мегаполисте ең ірі өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғысы орнатылған. Мұндай автономды кітапханалар жалпы шаһарымыздың 25 нүктесінде қойылған, оның ішінде метро бекеттері мен ойын-сауық орталықтар бар. Сондай-ақ, Alatau Creative Hub-та көзі нашар көретін адамдарға арналған арнаулы жұмыс орындары бар. Зағип не көзі нашар көретін жандар онда Брайль әліппесін, дыбыстық құрылғыларды қолданып, өзіне қажетті ақпаратты ала алады.

– Біздің қорда 10 мың кітап бар, күн сайын 300–400 адам келеді. Түнгі уақытта да кемі 40–50 адам болады. Орталықта жеке жұмысқа арналған орындар, демалыс аймақтары, тегін үйірмелер мен сабақ өтетін кабинеттер, ауқымды іс-шара өткізуге арналған зал бар. Одан бөлек, PlayStation ойын консолі орнатылған орын бар. Балалар белгілі бір кітапды оқып, оның мазмұнын біздің қызметкерлерге айтып берсе, онда PlayStation-ды тегін ойнай алады, – деді Alatau Creative Hub меңгерушісі Сәуле Бабаұратова.

Абай даңғылының бойында орналасқан Мұхтар Әуезов атындағы кітапхананың есігі де оқырман үшін 24 сағат ашық. Нысан 1974 жылы ашылған. Биыл ауқымды жаңғырту жұмыстарынан кейін ғима-



рат қайта ашылып, оған қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың аты берілді. Кітапхана қорында қазір 59 мыңнан астам кітап бар. Мұнда жыл сайын білім іздеген 350 мыңнан астам адам келеді.

– Кітапхана – жәй ғана оқу орны емес, – дейді кітапхананың меңгерушісі Әлия Іңкәрбек, – Бұл өмір қайнап жатқан қоғамдық институт. Бізде авторлық жобалар, мәдениет қайраткерлерімен кездесу мен

әртүрлі үйірмелер өтіп тұрады. Көпшілік кітапхананың бүгінде қаншалықты танымал екенін көріп таңқалады. Тіпті, түнде де келетіндер көп. Жастар білімге ұмтылады, әсіресе, мотивациялық, қаржы тақырыбындағы кітаптар үлкен сұранысқа ие, – деді ол.

Айта кеткен жөн, мәдени нысан ішінде Мұхтар Әуезов пен Мұрат Әуезовке арналған мемориалдық зал бар. Экспозицияда жазушының жеке заттары, сирек кездесетін естелік бұйымдар мен мұрағаттық бейнематериалдар қойылған. Кітапханаға келушілер мұнда ұлы жазушының өмірі және шығармашылығымен таныса алады.

Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы – тәулік бойы жұмыс істейтін мәдениет ошақтарының бірі. 1976 жылы құрылған бұл кітапхана жаңғыртудан кейін заманауи Open space үлгісіндегі оқу мен жұмысқа, сондай-ақ шығармашылық дамуға арналған кеңістікке айналған. Ауданы – 1200 шаршы метр, күніне 400–500 оқырманды қабылдай алады. Кітапхана меңгерушісі Бану Дәулетбаеваның айтуынша, мұнда адамдар легінің көптігінен оқырмандар орын таппай қиналатын кездер болады. Келушілердің басым бөлігі – жастар, олардың ішінде шетелдіктер де аз емес. Мекеме өкілі кітапхана адамдарды жасына не ұлтына қарай бөлмей, барлық азаматтарға бірдей қызмет көрсететінін атап өтті.

– Қазіргі кітапханалар жәй ғана кітап сақтайтын орын емес, бұл – жұмыс істеп, оқып, байланыс жасауға арналған кеңістік. Біздің қорда 100 мыңға жуық кітап бар, оны үнемі толықтырып отырамыз. Тіл клубтарын, шығармашылық студиялар мен мәдени бұрыштар аштық. Мен білікті арттыру үшін АҚШ-қа барғанымда, тіпті Конгрестің кітапханасы да біз сияқты тәулік жұмыс бойы істемейтінін көрдім, – деді Бану Дәулетбаева.





АЛМАТЫ АЖАРЫ

ҚАЛАНЫҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ



Алматыда бұрынғы Президент резиденциясының орнында жаңа саябақ ашылды. Бұл кеңістік толықтай пайдалануға берілуден бұрын да қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналып үлгерді.



Бұрынғы Президент резиденциясының орнында жаңа саябақ ашылды

Дана
САДЫРҚАН

Бұрынғы резиденция ғимаратына сараптама жүргізілген соң, оны қайта қалпына келтіруге техникалық мүмкіндік бар екені анықталған. Дегенмен, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың шешімімен ғимаратты бұзып, оның орнына қала тұрғындары үшін ашық саябақ салынды. Бұл қадам қоғам тарапынан жылы қабылданып, қаланың экологиялық және әлеуметтік кеңістігін жаңғыртуға тағы бір мүмкіндік ашты.

– Қаламызда осындай саябақтың ашылғанына қуаныштымыз, бұл сәтті ұзақ күттік. Бұл саябақ өзге демалыс орындарына қарағанда серуендеуге, тынығуға, құрбылармен кездесуге өте ыңғайлы. Тынысты тарылтатын алып ғимараттар сала бергенше, осындай демалыс орындары мен саябақтарды ашу керек. Дұрыс шешім қабылдап, жұртқа қамқорлық танытқан Президентке алғыс айтамын, – деді зейнеткер Қаламқас Хасенова.

Жаңа саябақ 4 гектардан астам аумақты алып жатыр. Ол Назарбаев даңғылының батыс жағында және Ганди көшесінің солтүстігінде орналасқан. Қоңыр күздің соңғы жаймашуақ күндерін қала тұрғындары осы жаңа саябақта қарсы алып, кездесулер мен серуендеудің таңдаулы орнына айналды.

– Жаңадан ашылған саябақ сондай әдемі, келушілер де көп. Шыны керек, ішіндегі көрініс Нью-Йоркте жүргендей әсер қалдырады. Ашық бейне, аспанмен астасқан таулар бірден көзге түседі. Жолды реттеп, есік санын көбейту керек. Қаламызда мұндай саябақтың көп салынғанын қалаймыз, – деді Дияс Әшімбек пен Алина Алмағанбетова.

– Саябаққа құрбыммен алғаш келсем де, бәрі көңілімнен шықты. Дегенмен, бірнеше кемшілік те бар. Балаларын ойнатуға келетін ата-аналар үшін қолайлы жағдай қарастырылмапты. Жап-жасыл хелекке оранған саябақтан керемет әсер алдым, – деді Дана Тынысбек.

Бұрынғы Президент резиденциясының орнына жайлы қоғамдық кеңістік құру – алматылықтар оң қабылдаған шешім. Ал бұзылған ғимараттың тарихына келсек, 1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев Алматыда Ленин атындағы музейдің филиалын салуды тапсырған. Яғни бастапқыда нысан музей кешені ретінде жобаланған. Құрылыс жұмыстары 1983 жылы басталған, алайда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты құрылыс тоқтап қалған. Ғимараттың 90 пайызы дайын болғанымен, ол ұзақ жылдар бойы аяқталмай, қаңырап тұрды. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін жоба қайта жандандырылып, Қазақстан Президентінің резиденциясы ретінде пайдаланылды.

Бүгінде бұл аумақ Алматының ашық әрі заманауи бейнесін көрсететін жаңа қоғамдық кеңістікке айналды. Мұнда серуендеу жолдары, демалыс аймақтары мен балалар алаңдары салынған. Табиғи ландшафт сақталып, қала экологиясын жақсартуға бағытталған жасыл аймақтар көптеп отырғызылған.

Жаңа саябақ – қаланың өткен тарихы мен болашақ бағытын тоғыстырған ерекше орын. Алматының жүрегінде орналасқан бұл кеңістік тұрғындар үшін табиғатпен үндескен жаңа демалыс мекеніне айналып отыр.



АЙБЫН

ЕЛДІҢ ЕҢ СЕҢІМДІ ҚАЛҚАНЫ

Қауқарың қалай, құрлық әскері?

Бауыржан Момышұлының «Тобыр – армия емес, армия да – тобыр емес» деген терең тағылымды сөзі бар. Расында да, мықты армия – тәртіп пен білімге, кәсіби даярлық пен бірлікке негізделеді. Біздің армияның әлеуеті қандай? Қазақстан Қарулы күштерінің ең ірі әрі көпсалалы бөлігі – құрлық әскерлері. Қауіпсіздіктің берік қалқаны саналатын бұл әскер түрі ел аумағындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Қазіргі кезде құрлық әскерлері заман талабына сай жаңарып, жауынгерлік дайындық деңгейін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Еліміздің қауіпсіздік саясатының басым бағыты – кәсіби әскери кадрлар даярлау және жауынгерлік қабілеті жоғары офицерлерді қалыптастыру. Осы мақсатта Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтында жыл сайын оқу-жаттығулар, далалық жағдайда тактикалық марштар мен командирлік машықты дамытуға арналған арнайы жаттығулар ұйымдастырылып тұрады. Солардың ең бірегейі әрі маңызы, болашақ офицерлердің шеберлігі сыналатын – 100 шақырымдық марш. Осы жолы құрлық әскерлерінің дайындық барысын өз көзімізбен көру үшін «Әли» полигонына арнайы барып, далалық шеруге куә болдық. Біз де жауынгерлік ұрыс көлігіне мініп, жаяу әскердің қатарында жүрдік. Олардың әр қадамы мен әскери өмірдің шынайы тынысын бірге сезіндік.

Кәсіби дайындық сыналды

Алматы маңындағы «Әли» оқу орталығының аумағында өткен маршқа 6 мамандық бойынша 120-дан астам курсант қатысты. Олар алдымен нұсқаушылардан тапсырма алып, бағыттарын нақтылап алды. Содан кейін түрлі кедергілерден тұратын 100 шақырымдық далалық шеру басталды. Жаттығу барысында курсанттар 20-дан астам әскери техниканы меңгеріп, оның

ішінде танктер, жаяу әскердің жауынгерлік көліктері (БМП) және бронетранспортерлерді (БТР) басқарудағы шеберлігін көрсетті. Әр курсант механик-жүргізуші мен экипаж командирі рөлінде тәжірибе жинап, күрделі жағдайда маневрлеу мен өзара іс-қимыл жасаудағы дағдыларын шыңдады.

Бронетехникадағы 100 шақырымдық марш – жәй ғана жаттығу емес, курсанттардың төрт жыл бойы алған білімінің қорытындысы іспетті. Дәл осы сынақ олардың кәсіби даярлығының ең жоғары бағасы саналады.

Марштың басты мақсаты – тактикалық, арнайы және техникалық дайындық элементтерін тәжірибе жүзінде пысықтау, болашақ офицерлердің кәсіби шеберлігін арттыру және бөлімшелерді қозғалыс кезінде басқару машығын жетілдіру. Теорияда алған білімін тәжірибеде сынап көретін сынақ алаңында әр курсант командирдің рөліне енеді. Сын сағатында жедел шешім қабылдап, тактикалық ойлау қабілетін айқындайды. 100 шақырымдық жолдағы түрлі кедергілерден өтіп, маршты сәтті ұйымдастыру және байланыс пен басқаруды үздіксіз қамтамасыз ету міндеттерін орындайды.

Әскердің қуаты – тәжірибеде

Мұндай тәжірибелік оқу-жаттығулар болашақ офицерлердің жауынгерлік рухын, табандылығын және төзімділігін шыңдайды. Дала жағдайында өтуі курсанттарға нағыз жауынгерлік ортаға бейімделуге мүмкіндік береді. Оқу барысында олар атыс, тактикалық және әдістемелік машықтарын жетілдіріп, ұрысты ұйымдастыру мен жүргізудегі қабілеттерін арттырды. Жаттығу сәтті аяқталған соң 100 шақырымдық маршты еңсерген курсанттарға 3-санаттағы механик-жүргізуші куәлігі табысталады.



калық ой-қаға деген жауапкершілікті талап

«Ең бастысы – тонның ішкі бауындай бірге болу»

–Бүгін біз үшін тарихи күн болды, – дейді 4-курс курсанты Дінмұхамед Талғатұлы, – Мен танк бөлімшелерін басқару бөлімінде оқимын, яғни танкішімін. Бұл маршта біз төрт жыл бойы алған теориялық білімімізді тәжіри-

бе жүзінде сынадық. Дайындығымыз жоғары деңгейде өтті. Өйткені, марш – тек физикалық төзімді емес, тактикалық ойлау мен техникалық ой-қаға деген жауапкершілікті талап

ететін маңызды сынақ. Марш кезінде бізге түрлі тапсырмалар берілді. Мәселен, техникамен маневр жасау, кедергілерден өту, қарсы жақтан болатын шартты шабуылдарға тойтарыс беру сияқты жаттығулар. Әрқайсымыз өзімізге бекітілген әскери техниканы басқарып, тапсырмаларды уақытында орындауға тырыстық. Танк командирі болу ұрыс кезінде айла-тәсілді ғана емес, сын сағатта жедел қимылдауды талап етеді. Дегенмен, жауынгерлер үшін ең бастысы – тонның ішкі бауындай бірге болу», – деді курсант.

Бұл – әскери қызметтің ең жауапты әрі күрделі бағыттарының бірі. Танк техникасы жоғары дәлдік пен шеберлікті талап етеді. Курсанттың айтуынша, танк – қуатты броньмен қорғалған, кез келген жер бедерінде еркін қозғала алатын сенімді техника.

«Әли» полигонында өткен 100 шақырымдық марш кезінде курсанттардың қайсарлығына, темірдей төзімі мен рухына куә болдық. Шаң мен түтін астында, балшық пен тау-тастағы әсерлі сәттерде міндетін абыроймен орындауға деген жігері ерекше байқалды. Әскердегі әрбір сәт – қатаң тәртіптің мектебі екенін айқын сезіндік. Сондықтан болашақ офицерлердің далалық машықтарын жетілдіру мен кәсіби дайындықтарын арттыру – мемлекеттің қорғаныс саясатының басты бағыттарының бірі болып қала бермек. Ал елдің тыныштығын бәрінен биік қоятын жауынгерлер үшін бастысы – антқа адалдық.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жәнібек СҰЛТАНҰЛЫ, С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институты бастығының оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі бірінші орынбасары, полковник:

Офицерлік жол осыдан басталады

Бүгінгі марш барысында курсанттар белгіленген бағыт бойынша 100 шақырымды артқа тастады. Маршқа төртінші курс курсанттарының алты әскери мамандығы қатысты. Олар: мотоатқыш бөлімшелерін басқару, танк бөлімшелерін басқару, барлау бөлімшелерін басқару, десанттық-шабуылдаушы бөлімшелерді басқару, тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы, техникалық қамтамасыз ету мамандықтары. Маршты орындау кезіндегі барлық негізгі элементтер қарастырылды. Миналы-жарылғыш бөгеттерден, қауіпті аймақтардан өтіп, диверсиялық-барлау топтарының әрекеттеріне және ұшқышсыз ұшу аппараттарының ықтималды шабуылдарына қарсы іс-қимыл жасауды тәжірибе жүзінде меңгереді. Сондай-ақ, далалық жағдайда жанармай құю, азық-түлікпен қамту және бөлімшелердің марш кезіндегі өзге де ұйымдастыру шаралары тыс қалған жоқ. Яғни әскери қызметшілердің марш жасау барысындағы барлық аспектісі толық қамтылды.

Жалпы, мұндай практикалық сабақтар институттың әр курсына өткізіледі. Бірақ 100 шақырымдық марш – тек төртінші курс курсанттарының оқу бағдарламасына енген тәжірибелік дайындық түрі. Басқа курстарда да түрлі практикалық жаттығулар бар: атыс дайындығы, жауынгерлік машиналардан оқ ату, тактикалық іс-қимылдар орындау және т.б. Соңғы жылдары курсанттар танкіден штаттық атыстарды да орындайды. Бұл тәжірибе екінші курстан бастап төртінші курсқа дейін жүйелі түрде жүргізіледі. Әрбір курсант оқу бағдарламасына сәйкес колонна құрамында 100 шақырымдық маршты өз күшімен еңсеруі тиіс. Ал әскери техникалардың өзі жүріп өте алатын қашықтық түріне қарай өзгереді.



Мейіржан БАҚТЫБЕКҰЛЫ, С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының Жүргізу кафедрасының аға оқытушысы, полковник:

Жауапкершілікті сезінуді үйренеді

Марш кезінде курсанттар Т-72 танктерін, БМП-2 жаяу әскер ұрыс машиналарын, БТР-60 сауытты транспортерлерін және басқа да әскери техникаларды басқарды. Сонымен қатар, тылдық және техникалық қамтамасыз ету бөлімшелері де өз міндеттерін атқарып жатыр.

Құрлық әскеріндегі негізгі техника – жауынгерлік ұрыс машинасы. Техникаға жанармай құю, далалық жағдайда азық-түлікпен қамтамасыз ету, техника ақауларын жөндеу жұмыстары көрсетіледі. Бұл да курсанттардың тәжірибелік дайындықтарының маңызды бөлігі. Егер техника бұзылса, арнайы техникалық қамтамасыз ету бөлімшелері оны жөндеп, қайта сапқа қосады. Марш барысы бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен, колонна белгіленген бағыт бойынша қозғалысты бастайды. Әр төрт-бес сағат сайын «привал» – яғни демалыс пен техникалық тексеріс уақыты белгіленеді. Сол кезде курсанттар техниканың жағдайын тексеріп отырады.

Негізгі назар жаяу ұрыс бөлімшелеріне, мотатқыштарға, танкішілерге, десантшылар мен барлаушыларға аударылады. Десек те, мамандықтарды бөліп-жармаймыз, әрқайсысының өз орны бар. Сондай-ақ, психологтар мен тәрбиешілердің де әскери оқу процесіндегі рөлі ерекше.

Біздің басты мақсатымыз – курсанттардың кәсіби және физикалық дайындығын арттыру, әскери взвод ішіндегі өзара үйлесімділікті қалыптастыру және кез келген жағдайда нақты шешім қабылдай білуге үйрету. Осындай оқу-жаттығулар курсанттарға тәжірибе жинақтап, болашақ офицер ретінде жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді.





ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚАРА ЖОЛДА ҚАУІП КӨП

Дөңгелегің дайын ба, жүргізуші?

Көп ұзамай қарашаның қара суығы қысқа ұласатыны анық. Ал қыс – қашаннан қатал сыншы. «Кәрі құда» атануы да тегін емес. Ата-бабамыз «Қыста арбаңды, жазда шанаңды әзірле» деп бекер айтпаған. Бұл – сақтық пен ұқыптылықты дәріптесе керек.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осы орайда, Алматы қалалық әкімдігі тұрғындардың қауіпсіздігіне алаңдаушылық білдіріп, ауа райының күрт өзгеруіне байланысты автокөлік иелерін абай болуға шақырды. Синоптиктердің болжамынша, алдағы күндері ауа температурасы +4 – 0 С° дейін төмендеп, жаңбыр аралас қар жауады. Сондықтан жүргізушілерге жазғы дөңгелектерін қысқыға ауыстыру уақыты келгенін ескертеді.

«Алматы қаласында күн суытып, жауын-шашын қарға ұласуы мүмкін. Осыған байланысты автокөлік иелерін жазғы дөңгелектерді қысқыға ауыстыруға және жол ережесін қатаң сақтауға шақырамыз», делінген әкімдік хабарламасында.

Мамандардың айтуынша, дәл осындай өтпелі кезеңде жол апаттарының жиілеу қаупі жоғары. Сол себепті, жүргізушілерге жылдамдықты шамадан тыс асырмау, күрт тежемей, арақашықтықты сақтау ұсынылады. Ал жаяу жүргіншілердің де сақтық шараларын ұмытпағаны жөн.

Қала әкімдігі мен төтенше жағдайлар қызметі тұрғындарға ауа райы туралы хабарламаларды жігі бақылап, қажет болған жағдайда жолға шықпай, қауіпсіздік ережелерін қатаң ұстануға кеңес береді. Өйткені, қауіпсіздік – әр азаматтың жауапкершілігі.

«Сақтансаң, сақтаймын» деген дана сөз бар. Сондықтан әркім өз қауіпсіздігіне бей-жай қарамай, қыстың қытымыр сынағына дайын болғаны абзал.

АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

ӘСКЕРДЕН – АРМАНҒА:

Сарбаз жолы жаңа белестерге бастады

Радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік институтында мерзімді әскери қызметін абыроймен аяқтаған сарбаздарды әскерден шығарып салу рәсімі өтті. Аталған оқу ордасындағы күзет ротасының сарбаздары өз борышын жауапкершілікпен орындап, тәртіп пен адалдықтың үлгісін көрсете білді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қызмет барысында ерекше көзге түскен сарбаздарға Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді. Жыл бойы үздік көрсеткіштер көрсеткен мерзімді әскери қызметшілерге сарбаздар санатындағы әскери шен берілді.

Биылғы көктемгі шақырылымның әскери және кәсіби даярлықта үздік нәтиже көрсеткен алты сарбаз білім грантына ие болды. Олардың бесеуі Қорғаныс министрлігіне қарасты әскери жоғары оқу орындарын тандаса, тағы бір сарбаз әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түсті. Сондай-ақ, төрт сарбаз келісімшарт негізінде Отан алдындағы борышын жалғастыру үшін



Қарулы Күштер қатарында қалды.

«Әскери қызмет өмірімдегі маңызды кезең болды. Уақытты бос өткізбедім, өзім армандаған оқу орнына түстім. Борышымда да өтедім, білім жолына да қадам бастым. Бізге осы мүмкіндікті сыйлаған Қорғаныс министрлігіне алғысым шексіз», – деп атап өтті ЖОО-ға түскен сарбаз Диляр Зияудинов.

Айта кететін жайт, Радиоэлек-

троника және байланыс әскери инженерлік институтының күзет ротасы құрылғалы бері он төрт сарбаз азаматтық ЖОО-на білім грантын жеңіп алды. Он бес сарбаз Қорғаныс министрлігінің әскери жоғары оқу орындарына түссе, тағы бес сарбаз өз еркімен келісімшарт негізінде әскери қызметін өтеу үшін қалған.

(Сурет: Алматы гарнизонының баспасөз қызметі).

ЖЕЛТОҚСАН – 1986

АРДАГЕРЛЕРДІҢ АЙТАРЫ БАР

Желтоқсан ардагерлері жастармен кездесу өткізді

Сонау 1986 жылдың желтоқсан айында ызғарлы Алматыда студент және жұмысшы жастардың республика астанасындағы Брежнев алаңына ереуілге шыққанына биыл 39 жыл. Бұл сол ұлттық дербестікке деген қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасқан күресінің соңғысы еді. Кеңес жүйесінің жазалау машинасы «Метель» операциясымен екі күнге созылған ереуілді басып-жаншыды. Сол жылдары алаңға шығып аман қалған жиырма жастың айналасындағы жастар бүгінде айтары бар ардагерлер.

Нұрлан
СҮЙІН

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының тапсырмасымен Тәуелсіздік күні қарсаңында мегаполисте «Желтоқсан 1986» көтерілісіне қатысты кең көлемде іс-шаралар басталды. Желтоқсан ардагері Ш.Ергебаева басқаратын «Қайсар жүрек» қоғамдық қорына тапсырылған бұл іс-шаралардың ауқымы кең. Түрлі сенбіліктер, Желтоқсан ардагерлерімен кездесулер, патриоттық тақырыптағы байқаулар, «дөңелек үстелдер», т.б. мазмұндарды қамтымақ.

Бұндай іс-шаралардың жас буынды патриоттыққа тәрбиелеуде, олардың ел тарихынан хабардар болуына септігі мол. Осындай кездесулердің бірі Алматы мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжінде өтті. Кездесуге «Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан» ҚБ мүшелері, Желтоқ-



сан ардагерлері шақырылыпты. Онда колледж студенттері көзі тірі ардагерлерді көріп, олардың естеліктерін тыңдап таң-тамаша болды. Желтоқсан ардагерлері тарихи оқиғаға қатысты шынайы әңгіме өрбітті. Сол кездің тарихына тереңдеді. Бүгінгі тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп, білім алып жатқан буынның бақытты екенін айтты. Студенттер де өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, оқулықтарда «Желтоқсан – 1986» оқиғасы жайлы мәліметтердің өте аз екенін жеткізді.

Расында да 1986 жылғы сол оқиға жайындағы бар шындық әлі жабулы, сол кезде қуғын көргендердің (оқудан, жұмыстан қуылғандар) көбі әлі ақталмағаны тағы бар. Оқиғаның өзіне көтеріліс деген ресми мәртебе де әлі берілген

жоқ. Дегенмен, сол жылдары мызғымастай болған Кеңес Одағының ыдырауының бастауы болған, одақтас республикалардың тәуелсіздік алуына негіз болған бейбіт шеру жайында айтылу да, жазылу да керек. Жастары алпысқа келсе де сол оқиғаның қатысушысы болған бүгінгі ардагерлер әлі бар.

Колледждегі кездесуге Желтоқсан ардагерлері Гүлшат Кенесариева, Нұрлан Сүйін, Шаргүл Қасымханқызы, т.б. шақырылыпты. Айтары бар ардагерлер естелік айтып, жастарға көп мәлімет берді. Олар кезінде Алматыдағы санаулы жоғары оқу орындарының студенті болып, «Желтоқсан – 1986» оқиғасынан кейін оқудан шығарылып, қуғын көргендер еді.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ

Соңғы жылдары балалар қауіпсіздігіне қатысты жаңа мәселелер қоғамды алаңдатып келеді. Сондықтан биылдан бастап енгізілген арнайы сабақтар балаларды түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет етудің практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталып отыр.

Бұл ретте қолданысқа енген сабақтар балабақшадан бастап, колледжге дейін білім берудің барлық деңгейін қамтитын болады. Қолданысқа енген қауіпсіздік сабақтары 2023–2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқығы мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді жоспар аясында енгізілген. Мұндағы атқарылуға тиіс жұмыстар баланың жас ерекшелігіне сәйкес әр бөлікке бөлініп, блок әзірленген.

• **Балабақша – жедел қызмет нөмірлерін білу, ойын және демалыс алаңдарындағы қауіпсіздік ережелері;**

• **Бастауыш сыныптар – табиғаттағы және жол қауіпсіздік, бейтаныс адамдармен кездескенде өзін ұстау, қаңғыбас иттерден қорғану;**

• **Орта буын сыныптары – буллинг пен кибербуллинг, қауіпті интернет-**

әуестенулер, бейтаныстардың ұсыныстарынан бас тарту, өз іс-әрекетіне жауапкершілікті қалыптастыру.

• **Жоғары сыныптар мен колледждер – қаржылық сауаттылық, алаяқтардан қорғану, онлайн-ойындардағы тәуекелдер, еңбек қауіпсіздігі, өз құқықтары мен міндеттерін білу, жеке әрекеттері үшін жауапкершілік.**

Қазіргі кезде бұл сабақтар әр аптада сынып сағаты аясында 10 минуттан өткізіліп, тақырыптар жылына үш рет қайталанып отырады. Мамандардың айтуынша, мұндай сабақтар балалардың мазасыздығын төмендетіп, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыра бастаған көрінеді.

Бұған қоса, өткізіліп жатқан сабақтар балаларды қоғамда кездесетін күрделі жағдайларда дұрыс әрекет етуге де үйретеді.

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

ЦИФРЛЫ ЕЛДІҢ СИҚЫРЛЫ МҮМКІНДІГІ

Жаңа өзгерістерге жастар қалай дайын болуы керек?

Президент биылғы Жолдауында Қазақстанның үш жыл ішінде жаппай цифрлы елге айналуы сынды стратегиялық мақсатты айқындап берген еді. Бұл бағыт тек техникалық өзгерісті ғана білдірмейді, оған қоса қоғамның ойлау жүйесінің, күнделікті дағдысының, білім беру мен өндіріс тәсілдерінің түбегейлі жаңаруы деген сөз. Яғни цифрлы ел болу дегеніміз – әр азаматтың қолында смартфон, үстелінде ноутбук болсын деген сөз емес. Одан гөрі әрбір азаматтың жаңа технологияларды түсініп, өз өмірінде тиімді пайдалана алуы. Осы тұста мұндай ауқымды өзгеріске «кім дайын?» деген маңызды сұрақ туады. Бірден ойға келетіні – әрине жастар.

А

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Қай ортаға барсақ та, қолынан телефон түспейтін, ақпарат тасқынына шомған бүгінгі ұрпақ цифрлы дәуірдің көш басында тұрғандай көрінеді. Алайда, смартфонды тұтыну мен цифрлы мәдениетті меңгеру – екі бөлек ұғым. Қазіргі жас буын бейнежазбаларды жылдам көреді, түрлі қосымшаларды шебер пайдаланады, әлеуметтік желіде өз әлемін құрады. Бірақ осы қабілеттердің қаншасы нақты өмірде, нақты еңбек нарығында қажет? Президент Жолдауында атап өткендей, біздің ең басты міндетіміз – цифрлық технологияларды тұтынушы емес, жасаушы ұрпақ қалыптастыру. Демек, ел болашағы мектеп пен университеттен басталатын жаңа білім бағдарламаларына, жас мамандарды қолдауға, цифрлық сауаттылықты күнделікті өмірге енгізуге тікелей байланысты.

Соңғы жылдары елімізде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында біраз жү-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

мыстар атқарылды. Мемлекеттік қызметтердің көпшілігі онлайн форматта жұмыс істеуі көпшілік дағдыланған құбылысқа айналды. Бұрын кезек күтіп, қағаз жинап, есік қағып жүретін салаларда қазір бірнеше минутта нәтижеге қол жеткізуге болады. Айталық, туу туралы куәлікті рәсімдеу, жылжымайтын мүлікке қатысты анықтама алу, әлеуметтік төлемдерді қадағалау – барлығы да «бір терезе» қағидаты бойынша телефонда қолжетімді. Бұл – тек ыңғайлылық емес, уақыт пен ресурс үнемдеу, адами факторды азайту, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету.

Шамалауымызша, цифрлы дәуірдің ең үлкен артықшылығы – ақпаратқа қолжетімділік. Бірақ бұл артықшылықпен бірге қауіп те келеді. Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың, сананы улайтын бейнеконтенттің, мән-мағынасыз ақпараттың көбеюі жас буынның ойлау қабілетіне әсер етуде. Жылдам лента, қысқа бейне, үзілмейтін көңіл көтеру контенті баланың миын тез қанықтырып, терең ойлануға мүмкіндік бермейді. Президенттің «әлеуметтік желілердің ықпалына

қарсы ұлттық мәдени, білімдік мазмұн қалыптастыру» туралы тапсырмасы осы себептен маңызды. Ел болашағы ойланатын, талдай алатын, ақпаратты сүзгіден өткізе білетін тұлғаға тәуелді.

Цифрлы мәдениетті қалыптастыру дегеніміз, ол тек мемлекет пен мектептің міндеті емес. Әр отбасы, әр ата-ана өз баласының гаджетпен қатынасын бақылап, оған ақпаратты сауатты пайдалануды үйретуі керек. Телефон – тек ойын құрылғысы емес, ол – білім алудың да құралы. Смартфон экранындағы уақытты пайдалы мазмұнмен толтыру – саналы қоғамның көрсеткіші. Президент биылғы Жолдауында цифрландырудың экономикалық өсіммен қоса, ұлттық қауіпсіздіктің де маңызды факторы екенін баса айтуы да сондықтан. Цифрлық кеңістіктің ауқымы кеңейген сайын, киберқауіпсіздік мәселесі бүкіл әлемде өзекті бола түсті. Деректердің ұрлануы, фишкалар, жалған аккаунттар, қаржы алаяқтығы, міне мұның бәрі цифрлы әлемнің көлеңкесі іспетті. Егер біз технологияны игерсек, қауіпсіздікті де қатар күшейтуге тура келеді.

ТУРИЗМ

Биыл Алматыда тау инфрақұрылымын дамыту қарқынды түрде жалғасты. Алматы маңындағы мың шақырымнан астам тау соқпақтары, жүргінші бағыттар цифрландырылды, оның ішінде 750 шақырымға жуық бөлігі абаттандырылды. Алматы қаласы Туризм басқармасының хабарлауынша, 7 кемпинг аймағы құрылып, ауқымды полиграфиялық және цифрлық материалдар дайындалған.



ЦИФРЛАНҒАН СОҚПАҚТАР

Алматы – тау туризмінің таңдаулы бағыты

А

Дана САДЫРҚАН

Биыл 10 басты тау бағыты көрейтінді, оның ішінде Көкжайлау жотасына көтерілетін бағыттар, «Нұрлытау» маңынан басталатын соқпақтар, Бутакровка бағыты, «Халық соқпағы», Кимасар мен «Панорама» бағыттары және т.б. бағыттар қамтылған. Жұмыс аясында навигациялық көрсеткіштер, ақпараттық тақталар, түрлі-түсті бағыттық белгілер, демалыс алаңқайлары, орындықтар, қоршаулар мен қауіпсіздік элементтері орнатылды. Соқпақтарда құлама тастардан қорғау құрылғылары, ағаш өткелдер, баспалдақтар және арнайы демалыс алаңдары жасақталды.

Алма-Арасан шипалы бұлағы маңындағы кешенді қайта жаңғырту аяқталды. 775 метрлік жүргіншілер соқпағы

қайта абаттандырылып, еңіс бөліктері бекітілді, көпірлер қалпына келтірілді және қауіпсіздік элементтері орнатылды. Қолжетімділікті арттыру үшін жалпы тиражы 27 500 данадан тұратын баспа өнімдері – атлас, карта және гид-брошюра дайындалды. 110-нан астам туристік нысан мен 10 маршрутты қамтитын аудиогид бес тілде жасалды.

Туризм басқармасы тау инфрақұрылымын дамыту және цифрлық сервистерді енгізу Алматыны белсенді демалысты ұнататын азаматтар үшін қауіпсіз әрі тартымды ете түсетінін атап өтті. Бұл экотуризм саласында жаңа өнімдер қалыптастыруға және туристердің қалаға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен бірге, туристерге тауда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, ауа райын мұқият қадағалауды және арнайы дайындықсыз немесе тиісті жабдықсыз шықпау қажеттігі ескертіледі.

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ

GITEX CENTRAL ASIA ФОРУМЫ

Алматыда әлем технологиялық компанияларының басын қосады

Алматы қаласының әкімдігінде «GITEX Central Asia/Kazakhstan 2026» халықаралық форумын өткізу туралы ұсынысты қарауға арналған кеңес өтті. Талқылауға қаланың Цифрландыру басқармасының өкілдері мен Dubai World Trade Centre (DWTC) компаниясының іс-шараларды басқару жөніндегі вице-президенті Трикси Ломирманд қатысты.

Форумды 2026 жылы 2–4 маусым аралығында «Атакент» көрме орталығының аумағында өткізу жоспарланып отыр. Іс-шараның бастамашысы – DWTC-тің еншілес компаниясы және 1981 жылдан бері жыл сайын Дубайда өтетін әлемдегі ең ірі технологиялық көрме GITEX GLOBAL-дың ұйымдастырушысы Kaoun International компаниясы.

Бұл бастаманы жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу» атты халыққа Жолдауында айқындалған міндеттерге сай келеді. Мемлекет басшысы Жолдауында Қазақстанның басты мақсаты – Еуразияның

цифрлық хабына айналу екенін атап, бірыңғай ұлттық цифрлық экожүйені қалыптастыру мен заманауи IT-шешімдерді экономикаға енгізуді жеделдетуді тапсырған болатын.

Алматыда GITEX Central Asia форумын өткізу – осы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам болмақ. Бұл іс-шара елімізге әлемдік деңгейдегі технологиялық компанияларды тартуға, сондай-ақ инновациялар саласына инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

GITEX форумы 105 елден келген 6,8 мыңнан астам компанияны біріктіріп, тәжірибе алмасу мен стратегиялық серіктестіктер орнатудың жетекші алаңы. Форумның Алматыда өтуі Орталық Азия елдерінің жаһандық технологиялық кеңістікке ықпалдасуына және халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға жол ашады.

GITEX Central Asia 2026 бағдарламасына панельдік сессиялар, инновациялар көрмесі, инвесторлармен кездесулер өтіп, отандық IT-шешімдер таныстырылады. Қазіргі таңда форумды жоғары халықаралық деңгейде өткізу үшін ұйымдастырушылық және техникалық жайттар егжей-тегжейлі пысықталып жатыр. Іс-шараны жоғары халықаралық деңгейде өткізу үшін әлеуетті алаңдар мен қажетті инфрақұрылымдық шешімдер қарастырылып жатыр.



«АШЫҚ ЕСІК»

АЛМАТЫЛЫҚ МАМАНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

ана құрсағындағы баланы АИТВ-тан қорғай алды



Биыл Алматыда жаңа туған сәбилер арасында АИТВ-инфекциясының (адамның иммун тапшылығы вирусы) ешбір жағдайы тіркелмеді. Алматылық мамандардың жүйелі жұмысы осындай маңызды нәтижеге қол жеткізді.

АИТВ ағзаны әртүрлі инфекциялардан қорғайтын иммундық жүйені әлсіретеді. Нәтижесінде адам ЖИТС-қа (жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы) шалдығуы мүмкін.

АИТВ-ның төте жолмен берілуінің (анадан балаға) алдын алу медицина қызметкерлеріне вирусты тиімді бақылауға, ал АИТВ-мен ауыратын әйелдерге сау бала тууға мүмкіндік береді. Елімізде әйелдер консультацияларында есепте тұрған барлық жүкті әйелге екі рет жоспарлы тестілеу өткізіледі. Бұл АИТВ-инфекциясын ертерек анықтау және емдеуді уақытылы бастау үшін керек.

Алматы қаласы ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығының директоры Марат Төкеевтің айтуынша, қалада АИТВ-мен ауыратын барлық жүкті әйел

мен жаңа туған сәбилер профилактикалық еммен толық қамтылған. Дәрігердің ұсыныстарын қатаң сақтай отырып, балаға вирустың берілу қаупі нөлге дейін азайған.

Төмен вирустық жүктеме кезінде әйел

өздігінен босануы мүмкін, ал жоғары жүктеме кезінде кесарь тілігі тағайындалады. Бала өмірге келгеннен кейін оған бірден шырын (сироп) түріндегі профилактикалық ем тағайындалады. Бала 1,5-2 жасқа дейін ЖИТС орталығының мамандарының

бақылауында болады және бірінші жылы алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында тегін сүт қоспаларымен қамтамасыз етіледі. Осы уақыт ішінде АИТВ-ға бірнеше тексеру жүргізіледі. Егер 18 айға дейін барлық нәтиже теріс болып қала берсе, бала есептен шығарылады. Бұл оның денінің саулығын ресми түрде растайды. Биыл осы кезеңге дейін АИТВ-мен перинаталдық байланысы бар 66 бала «дені сау» диагнозымен есептен шығарылды.

Сарапшылар сонымен қатар жүкті әйелдердің антиретровирустық терапияға деген ұмтылысының артқанын атап өтті. Бұған инфекционист, педиатр, гинеколог, психолог, учаскелік медбике және әлеуметтік қызметкердің қатысуымен мобильді бригадалардың жұмысын қамтитын көпсалалы тәсілді енгізу ықпал етеді. Антиретровирустық терапияның заманауи режимдерін – күніне бір рет қабылданатын белгіленген дозаларда біріктірілген препараттарды қолдану да маңызды рөл атқарды.

Таяуда қалалық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығында «Ашық есік күні» өтеді. Онда әрбір адам дәрігерлерден кеңес алып, АИТВ-ға тексеруден өте алады.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ЕКПЕДЕН ҚАШПАЙЫҚ

Ол балаларды дифтериядан да сақтайды

Алматы қалалық №28 емханасының дәрігерлері ата-аналарға балаларды дифтерияға қарсы уақытылы вакциналаудың маңыздылығын еске салады. Кейінгі жылдары бұл аурудың таралу көрсеткіші біршама төмендеген. Алайда, екпе алмаған балалар арасында жұқтыру қаупі әлі де сақталып отыр.

Дифтерия – ауа арқылы жұғатын қауіпті бактериялық инфекция. Ауру негізінен жұтқыншақ пен жоғарғы тыныс жолдарын зақымдайды. Қоздырғыш бөлетін токсин баланың жүрек, жүйке жүйесі және тыныс алу мүшелеріне ауыр әсер етуі мүмкін.

Дифтерияның негізгі белгілері:

- тамақтың ауыруы және дене қызуының көтерілуі;
- бадамша бездерінде алынуы қиын сұрғылт тығыз қақтың пайда болуы;
- тыныс алудың қиындауы;
- мойын аймағының айқын ісінуі;
- бойдағы жалпы әлсіздік және енжарлық.

Осындай белгілер байқалған жағдайда дәрігерге дереу қаралу қажет.

Елімізде дифтерияға қарсы вакциналау Ұлттық профилактикалық екпелер күнтізбесіне енгізілген және тегін жүргізіледі. Ревакцинация организмде қалыптасқан иммунитеттің ұзақ уақыт сақталуына мүмкіндік береді.

– Бүгінде әртүрлі ақпараттың көптігі ата-аналарға шешім қабылдауды қиындатып жібереді. Дегенмен, баланың денсаулығы – негізгі басымдық. Вакцина – балаларды ауыр инфекциялардан қорғаудың ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қауіпсіз және тиімді тәсілі. Ата-аналарды екпені кейінге қалдырмай, балаларды жоспарлы тексерулерге уақытылы әкелуіп тұруға шақырамыз, – дейді №28 емхана жанындағы Ерте араласу және бала дамуын қолдау орталығының жетекшісі Әнел Еркінқызы.

ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ

сирек кездесетін тұқым қуалайтын ауруларды талқылады

№2 Балалар қалалық клиникалық аурухана-сында «Педиатр тәжірибесіндегі сирек кездесетін тұқым қуалайтын гепатопатиялар» тақырыбында екі күндік халықаралық шеберлік сабағы өтті.

КЕРЕК КЕҢЕС

САРЫМСАҚ

иісінен қалай арылуға болады?

Сарымсақтың ағзамызға өте пайдалы екенін жақсы білеміз. Бірақ оның жағымсыз өткір иісінен тартынып, жиі тұтына бермейміз.

Сарымсақ құрамындағы негізгі белсенді зат – аллицин. Сарымсақтың емдік қасиеті де (микробтарға, вирустарға, қан айналымына, жүрекке пайдалы әсері) осы аллицинге байланысты. Әдетте, кей адамдар ауызда сарымсақтың иісі қалмас үшін оны шайнамай жұтуды тиімді көреді. Бұл тәсіл дұрыс деп ойлайсыз ба? Түсіндіріп көрейік.

Сарымсақты бітеудей жесеңіз оның пайдасы аза. Өйткені, аллицин сарымсақ езілгенде, кесілгенде немесе шайналғанда түзіледі. Егер оны бүтін күйінде жұтсаңыз, аллицин түзілмейді, өйткені ішекте бұл реакция жүрмейді. Әрине, сарымсақтың құрамындағы күкіртті қосылыстар, витаминдер, антиоксиданттар аз да болса да ағзаға пайдалы әсер етеді.

Егер асқазаныңыз сезімтал болса немесе қыжыл, газтритіңіз бар болса, сарымсақты ашқарынға тұтынбаған жөн. Онда оны тағаммен бірге немесе айранмен араластырып қабылдаған дұрыс. Айтпақшы, езілген сарымсақты бір шай қасық балмен немесе бір жұтым айранмен араластырып ішу иісті болдырмайды, асқазанға жұмсақ әсер етеді, иммунитеттің көтерілуіне де жақсы.

Онда Варшаваның (Польша) жетекші маманы, профессор Анна Тильки-Шиманская дәріс оқыды. Ол – танымал халықаралық сарапшы, сирек кездесетін генетикалық бұзылулары бар науқастарға арналған терапияның жаңа әдістерін әзірлеу бойынша клиникалық жобалардың бас зерттеушісі. Оның ғылыми портфолиосында тұқым қуалайтын метаболикалық ауруларды диагностикалау және емдеу мәселелеріне арналған 300-ден астам басылым бар.

Шеберлік сабағына қатысқандарға профессор Тильки-Шиманская тұқым қуалайтын метаболикалық бұзылуларды диагностикалау мен емдеудің заманауи аспектілеріне арналған лекцияларын оқыды.

Сонымен қатар, гликогеноздар, митохондриялық аурулар, органикалық ацидемия, Фабри, Гаучер, Вильсон, Ниманна-Пика, Помпе, мочевиноциклинің бұзылуы, гемохроматоз және тағы да басқа сирек кездесетін генетикалық патологиялары бар науқастарға кеңестер берілді.



Біле жүріңіз!

- сарымсақты жегеннен кейін ақжелкен (петрушка), жалбыз жапырағын, лимонның қабығын, кофе дәндерін шайнаңыз, иісін жояды;
- грек жаңғағы мен мускат жаңғағы да иісін кетіреді;
- жаңа піскен алма немесе лимон шырыны да ауыздағы күкіртті қосылыстарды бейтараптандырады;
- көк шай мен сүт те сарымсақтың иісін әлсіретеді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ



МИРЖАҚЫП ДУЛАТОВ – 140

АЛАШ АРЫСЫ

«Оян, қазақ!» ұраны өміршең үнге айналды

Биыл қазақ халқының көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, жазушы және ақын Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толып отыр. Ол – XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мен бостандығы жолында күрескен Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, қазақтың ұлтжанды ұлы.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бүгінде еліміздің барлық өңірінде Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына орай ғылыми конференциялар, әдеби кештер, көрмелер мен еске алу іс-шаралары өткізіліп жатыр. Бұл – ұлт тарихындағы ұлы тұлғалардың өнегесін дәріптеу мен өткенді ұмытпауға деген құрметтің көрінісі.

Солардың бірі – Алматы қаласындағы Оқушылар сарайында өткен республикалық пікірсайыс турнирі. Бұл іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен келген үздік оқушылар мен дебатшылар қатысты. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырды.

Турнирдің басты мақсаты – ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығын жас ұрпаққа таныстыру, оқушылардың ой-өрісін кеңейту, шешендік қабілетін және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту болды.

Қатысушылар қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасып, дәлел мен дерекке сүйене отырып, өз ойларын еркін жеткізді. Пікірсайыс барысында жастар Міржақып Дулатовтың ағартушылық идеяларын, ұлт бірлігі мен білімнің маңызын талқылап, оның ел дамуына қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Жарыс қорытындысында үздік команда мен шешендер арнайы дипломдармен және естелік сый-

лықтармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл турнир алдағы уақытта да дәстүрлі түрде жалғасын табады.

Осындай іс-шаралар жас буынның рухани дамуына, тарихи тұлғаларды тануға және елжандылық сезімін арттыруға зор ықпал етеді. Мұндай рухани кездесулер ақын мұрасын жаңғыртып қана қоймай, өскелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз. Жиын соңында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының» ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша директордың орынбасары Жания Есенжолова жеңімпаздарды арнайы Алғыс хатпен марапаттады.

ТҰЛҒАТАНУ

Өз халқының болашағы үшін өмірін арнаған Міржақып Дулатов 1885 жылы қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданына қарасты Сарықопа өңірінде дүниеге келген.

Оның шығармашылығы қазақ қоғамын оятуға, елдік пен еркіндік идеясын насихаттауға арналды. 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!»

атты кітабы – халық санасын сілкіндіріп, ұлт намысын жанып, азаттық рухын оятқан бірегей туынды болды. Бұл еңбек сол дәуірде тыйым салынып, автор қудалауға ұшырағанымен, қазақ руханиятының алтын қорына енді.

Ел еңсесін тіктеп, дербестікке қанаттандырған Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінің белсенді авторларының бірі болды. Ол Ахмет Байтұрсынұлы және Әлихан Бөкейхан сынды ұлт көсемдерімен бірге Алаш идеясының өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде тұңғыш роман жазған қаламгер ретінде тарихта қалды. Оның «Бақытсыз Жамал» романы ұлттық прозаның бастауы саналады.

Өмірінің соңында Міржақып Дулатов кеңестік қуғын-сүргінге ұшырап, 1935 жылы айдауда қаза тапты. Алайда, оның есімі мен еңбегі тәуелсіз Қазақстан дәуірінде қайта жаңғырып, ұлттың ұлы перзенті ретінде мәңгілік құрметке ие болды.



ҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМА

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ТӘРБИЕЛЕУ – заман талабы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында заманауи даму заңдылықтарын ескере отырып, ғасырдан-ғасырға жалғасқан бабалар аманатын сақтау, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыру, жалпыұлттық деңгейде сындарлы ойлауға ұмтылудың маңыздылығына тоқтала келе, алдағы дамуымызға серпін беретін негізгі құндылықтар ретін атап көрсетіп берді. Олардың қатарына тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі компоненттер кіреді.

Сондықтан да қазақ халқының тарихында атадан балаға сабақтастық негізінде жалғасқан бұл құндылықтар қай кезеңде болмасын өзекті саналып, қазіргі жаһандану үдерістері мен бәсекелестік дәуірінде қазіргі білім беру жүйесінің алдында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен ұштасып отыр.

Қоғамнан қолдау тапқан бастама

Мемлекет басшысының елдің болашағына қатысты айшықты тұжырымынан кейін, 2023 жылы еліміздің іргелі ғалым-

дарының бірігуімен «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылып, осы бағыттағы негізгі ұстанымдық концепцияларды өмірге әкелді. Ол концепциялардың реті: «Адам», «Ар-ұждан», «Намыс», «Отбасы», «Отан», «Тіл», «Мәдениет», «Білім», «Еңбек», «Табиғат». Бұл ұлттық құндылықтарға негізделген 10 концепция осы уақытқа дейін шашыраңқы болып келген жүйені біріктіріп қана қоймай, Оқу-ағарту министрлігінен қолдау тауып, алдағы білім беруді дамыту тұжырымдамаларының мазмұнына кіріктіру мәселесін де жолға қойып отыр.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру саласының алдында ұлттық құндылықтарға сай тәлім-тәрбие беру міндеті тұрған болатын. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, 1994 жылы қабылданған гуманитарлық, 1995 жылғы тарихи сананы қалыптастыру, 1996 жылғы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамаларында өскелең ұрпақты жалпыадамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мәселелері ерекше көрініс тапты. Бұл мәселе қазіргі жаһандану, бәсекелестікке негізделген дәуірде маңыздылығы бұрынғыға қарағанда арта түсті.

Жаһандану жер бетіндегі елдер мен халықтар арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың күшеюімен қатар тәуелділіктің артуымен ерекшеленеді. Сондықтан да бұл үдеріс өз артықшылықтарымен қатар, көптеген ұлттардың құндылықтары мен бірегейліктеріне белгілі бір деңгейде қауіп төндіреді. Осы орайда жер бетіндегі күрделі әрі жылдам өзгерістер дәуірінде – ұлттық

құндылықтарға негізделген тәрбие беру жүйесін дамыту кезек күттірмейтін мәселе болып отыр.

Расында, ұлттық құндылықтар – ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттың тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы мен мәдениетімен қатар адамгершілік қағидаларының жиынтығын көрсетеді. Олар – ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындайтын рухани тұғыры екені даусыз. Жер бетіндегі ұлт пен ұлыстар өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғалтқан жағдайда қайтадан іргелі ел ретінде еңсесін тіктеуі неғайбыл.

Дөңгелек үстел

31 қазан күні Алматы қаласындағы Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханада «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ұлттық құндылықтар: таным, тағылым. Адал азамат» атты ғылыми-практикалық конференцияның тарихи және тағылымдық маңызы зор болды.

Іс-шараға Мәжіліс депутаты Мұрат Әбеннов, қоғам қайраткері Асылы Осман, Қазақстанның Еңбек Ері, білікті педагог Аягүл Миразова, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып жүрген қоғам қайраткерлері, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, «Аманат» партиясының, Алматы қалалық және аудандық мәслихаттарының өкілдері, ғалымдар, педагог-практиктер, жазушылар мен оқулық авторлары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен баспа және БАҚ өкілдері

қатысты. Конференцияны өткізуге Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультеті және ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы серіктес болды.

Конференция барысында арнайы сөз сөйлеген Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенновтың Жаңа Қазақстан балалар ұйымын қайта құру ұсынысы, ғалымдардың тарапынан қызу қолдау тапты. Пленарлық сессияда сарапшылар мен зерттеуші ғалымдар ұлттық құндылықтар негізінде жастарға тәлім-тәрбие берудің көз алдағы басты проблемалары жайында өз ойларын ортаға салды. Профессор-академиктердің, қоғамның жанашыр азаматтарының баяндамалары білім беру саласының болашағы үшін маңызды қадамдар десек болады.

Қазақстан халқының өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін жаңғырту және дамыту, ұлттық бірегейлікті нығайту тақырыптарына баса назар аударылған конференция аясындағы мәселелер алдағы уақытта аяқсыз қалмасы анық. «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігі ғалымдарының ұлттық құндылықтарды зерттеу, жүйелеу және оны білім мен тәрбие жүйесіне енгізу бағытындағы табанды жұмыстары, қазіргі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының нәтижелі жүзеге асуына серпін береді деген ойдамыз.

Дархан БАЙДІЛДАЕВ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

«БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН...»

Алматыда ЛГБТ насихатына қарсы заң талқыланды



Алматы қаласында азаматтық белсенділер мен құқық қорғаушылардың қатысуымен «Ұлтқа балта шабар ЛГБТ ұйымдарының насихатына жол жоқ!» атты баспасөз конференциясы өтті. Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттары ұсынған дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттауға тыйым салу туралы заң жобасын қолдау және қоғамды ақпараттандыру.

Баспасөз жиынын қоғам белсендісі әрі құқық қорғаушы Бағила Балтабаева ұйымдастырды. Оның айтуынша, бұл бастамаға қазақстандықтардың басым бөлігі қолдау білдіріп отыр.

– 2019 жылдан бері қарай біржынысты қарым-қатынасты қолдаушылар өз белсенділіктерін күшейтіп, түрлі алаңдарда жалауларын көтеріп жүр. Бұл бізді бей-жай қалдырмайды. Мен қоғам белсендісі әрі ана ретінде мұндай насихатқа қарсы әрекет етуге мәжбүрмін. Жастардың осындай ұйымдардың жиындарында жүргенін көріп, үнсіз қала алмадым. Сол себепті, дәстүрлі емес қатынастарды насихаттауға толық тыйым салу мақсатында петиция жарияладық. Нәтижесінде 50 мыңнан астам қол жиналып, ұсыныс Ұкіметке жеткізілді. Қазір ол Сенаттың қарауында. Мемлекет басшысы қол қойса, заң толық күшіне енеді, – деді Бағила Балтабаева.

Конференцияға белгілі қоғам қайраткерлері мен шығармашыл тұлғалар қатысып, өз пікірлерін білдірді. Олардың арасында жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Марат Тоқашбаев та бар.

– Біз ең алдымен келешек ұрпақ үшін алаңдаймыз. Менің бірнеше немерем бар. Сол балалардың ұлттық болмысқа жат, арсыз дүниелердің

ықпалына түскенін қаламаймын. Біржынысты ұйымдар халықтың небәрі 1 пайызын құрайды. Сол азшылық үшін қалған 99 пайыз халық зардап шекпеуге тиіс, – деді қоғам жанашыры.

Белсенді, қоғам қайраткері Шолпан Бостанқызы да заңның шығуын қолдап, бұл келешек ұрпақ үшін маңызды түйткіл екенін баса айтты.

– ЛГБТ өкілдері өз құқықтары тапталды деп жиі мәлімдеме жасайды. Бірақ біз олардың жеке өміріне араласып жатқан жоқпыз. Біз тек олардың ашық түрде насихат жүргізуіне, келешек ұрпақтың санасын улауына қарсымыз. Осыны дұрыс түсінген жөн, – деп атап өтті ол.

Жиын барысында қатысушылар әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін де ұсынды. Зерттеулер қазақстандықтардың басым бөлігі дәстүрлі емес қатынастарға қарсы екенін көрсетті. «Қазақстандық қоғамды дамыту институтының» дерегінше, респонденттердің 90,5 пайызы гомосексуалдық қатынастарды өз балаларына қабылдауға дайын емес екенін айтқан. Ал халықаралық зерттеулерде мұндай қатынастардың «ақталу деңгейі» небәрі 2,2 балл болған.

Бағила Балтабаеваның айтуынша, заң жобасы сөз бостандығына шектеу емес, қоғам мен жастардың психикалық және рухани денсаулығын қорғауға бағытталған.

– Бұл бастама ұлттың рухани қауіпсіздігін қорғауға бағытталған. Мақсат – біреуді қудалау емес, жастардың санасын теріс насихаттан сақтау, – деді ол жиынды қорытындылай келе.

Дәстүрлі емес жыныстық қатынастарды насихаттауға тыйым салу туралы заң жобасы бүгінде Сенат қарауында. Заң қабылданған жағдайда, ол «Бала құқықтары туралы», «Жарнама туралы», «Масс-медиа туралы» және басқа да бірқатар заңдарға енгізілмек.

Әзірлеген Дина ЛИПТИН.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы:

Жамбыл көшесі, 168 А. Телефон: +7 (727) 378-88-04.

Instagram: tenqogam.almaly.2025

Сұлтанов Мақсат Тоқтарұлының 23.04.25 ж. қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды.

Нотариус Е.О.Қабдұллин қабылдауда, мекенжайы: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 47-үй, 19-пәтер.

Телефон: 279-26-48.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сөйсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Дана САДЫРҚАН


Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛАМ ІЗІ ҒАЛАМ ДЫ КЕЗГЕН АРУ



Қазақ қызының қолтаңбасы әлемнің назарын аударды

Цифрланған дәуір есімізді экранға елітіп, пайымдауымызды пернетақтаға байлап тастағандай. Ақ қағазға қаламмен жазу да көбіміз үшін сирек сәтке айналып барады. Бірақ дәл осындай дәуірде қазақстандық қыздың нәзік қолтаңбасы шетелдік брендтердің назарын аударып, оны халықаралық жобаларға дейін жетелегенін білесіз бе?



Дина
ЛИТПИН

Бақ пен еңбектің тоғысы

Аружан Төлепова – Қызылорда қаласының тумасы. Кәсіби мамандығы бойынша IT-менеджер. Дегенмен, оның өмір жолын үшінші курста оқып жүргенінде кездейсоқ көрген бір бейнеролик түбегейлі өзгерткен. Ол желіден каллиграфиямен айналысатын қыздың парақшасын көріп, бұл салаға қызығушылық танытады. «Мен де жазып көрейінші» деген ниетпен қолына қалам алған ару, хоббиінің қалайша кәсібіне айналғанын әңгімелеп берді.

– Мектепте оқып жүргенімде де жазуым әдемі болды. Мұғалімдерім жиі мақтайтын. Негізі жазуы нашар адам да каллиграфияны меңгеріп ала алады. Бұл менің хоббиіме айналды. Мен процестен, яғни өзім жазған әрбір жазбадан ләззат алатынымын. Ешкім тапсырыс бермесе де, өзіме ұнағандықтан жазатынымын. Сол сүйіспеншілік, сол тұрақтылық бәрін өзгертті, – дейді Аружан.

Алғашқы ұсыныс пен табыс

Сүйікті ісін тапқан Аружанның ең алғашқы кәсібі тапсырысы Франциядан келді.

– Желіге каллиграфиялық жұмыстарымды жариялап тұратынымын. Бірде Француз үйінен хабарласып, ашық хаттарды жазуға шақырды. Ол хабарламаны оқығанда сенер-сенбесімді білмедім. Бұл менің өмірімдегі жаңа кезеңнің бастауы болды, – дейді ол.

Содан бері оның Instagram-парақшасы кәсіби портфолиоға айналды. Әлемдік брендтер назар аударып, бірінен соң бірі байланысқа шыға бастайды.

Қазір Аружан Chanel, MaxMara және BMW секілді оннан астам шетелдік компаниялармен әріптестік орнатқан. Тіпті Ұлыбританиядағы мектеп оны өз оқушыларының оқулықтарына ізгі тілектер жазуға шақырды.

– Маған берілген тапсырма кітаптардың ең алғашқы бетіне ағылшынша дайын мәтіндерді жазып шығу болды. Бірақ қатты уайымдадым. Себебі, кітап беттері шектеулі. «Қате болып қалды, басқасын берші» деп айта алмайсың. Қобалжысам да, барынша тырыстым. Кейін мектеп басшылығы жұмысыма дән риза болды, – деді ол.

«Каллиграфия – өз заңдылығы бар өнер»

Аружан каллиграфия мен әдемі жазудың айырмасын нақтырақ түсіндірді:

«Каллиграфия жәй әдемі қолтаңба қалдыру емес. Ол – өз заңдылығы бар өнер. Әр әріптің көлбеуі, симметриясы, ырғақтылығы есеппен жасалады. Мұнда шыдамдылық пен дәлдік қажет. Бұл спорт секілді: күн сайын жаттығу керек», – деп қосты жас каллиграф.

Оның айтуынша, кез келген адам бұл өнерді үйрене алады, бастысы –қызығушылық пен табандылық керек.



«Бір сағатта 250 мың теңге табуға болады»

Аружанның айтуынша, Еуропа мен Таяу Шығыста, әсіресе Дубай, Лондон, Нью-Йорк сияқты қалаларда каллиграфтар luxury брендтердің іс-шараларында сағатына 100–300\$ алады. Ал премиум деңгейдегі ивенттерде бұл сома 500\$-ға дейін барады. Яғни бір ғана сағаттық жұмыс үшін шамамен 50–250 мың теңге төленеді.

